



Кенттің қысқа
дайындығын
тексерді

2-бет



Адалдыққа
құндақталған
құндылық

6-бет



Алдаспан ақын,
асау жыр

8-бет



• ҚҰРМЕТ

Қарағанды сенімен мақтанады!

Англияның Ливерпуль қаласында өткен бокстан әлем чемпионатында алтыннан алқа тағып, Әнұранымызды асқақатқан Аида Әбікеева туған жері – Қарағандыға сән-салтанатпен оралды. Жеңіс жалауын желбіретіп, ел абыройын асқақатқан жерлесімізді облыс жұртылығы зор құрметпен, кеудені шаттық кернеген қуанышпен қарсы алды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты қарсы алу рәсімі Қарағанды әуежайынан басталды. Шашу шашқан асқаулықты әжелер, айналаны ән-күйге бөлеген домбыра үні, өзінің үлгі тұтқан тұлғасын көруге асыққан жастардың бұрымды боксшыға деген қошеметі ерекше. Көпшіліктің қолында гүл, жүзінде қуаныш, жүрегінде мақтаныш. Жергілікті тұрғындар осылайша Аиданы ұрандатып, күтіп алды. Облыстық спорт басқармасының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және жанкүйерлер қатысқан салтанатты кездесу әсерлі әуенте ұласты.

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей және облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Серік Сәпиев арнайы келіп, спортшыны қошеметтеді. Кездесуде Аида Әбікеева қазақстандықтарға, бапкерлеріне, жанкүйерлеріне жүрекжарды лебізін жеткізді.

– Мен осы топырақта өсіп-өнімді, армандарым алысқа жетеледі. Жеңісімді Қарағанды халқына, мені тәрбиелеген ұстаздарыма, үмітпен күткен ата-анама, маған сенген жанкүйеріме арнаймын. Жаттықтырушыларым барлық қарсыласыма жеке-жеке тактика қойды. Соның нәтижесінде жеңіс жалауы желбіреді. Қарағанды – менің рухани тірегім. Мен осында қайта оралған сайын нағыз шабыт аламын, – деді Аида Әбікеева.

Салтанатты шарада Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернат колледжінің директоры, облыстық мәслихат депутаты Ерден Халилин мен облыстық ұлттық спорт түрлері қауымдастығының атқарушы директоры Темірхан Абылаев спортшыны ұлықтады.

– Әйелдер құрамасын жаттықтырғаннан кейін әр спортшыға жеке дайындық, тактика қажет. Чемпионатқа қатысқан барлық боксшының қарсыластары осал емес. Әлемдік



бәсекеге ерте дайындалдық. Шамалы демалыстан соң Азия ойындарына жаттығу басталады, – деді Бокстан Қазақстан ұлттық әйелдер құрамасының бас бапкері Елдос Сайдалин.

Чемпионды күтіп алған көпшіліктің арасында Аиданың әкесі Нұрлан Жапаркулов пен анасы Қарлығаш Әбікеева да бар.

– Қарағанды – талай спорт тарландарын түлеткен өңір. Аиданың спорт жолындағы

алғашқы қадамы кеншілер астанасынан басталғаны біз үшін үлкен жетістік. Бокспен 11 жастан бастап шұғылданып, спорт мектебінің түлегі атанды. Балалық арманы үлкен аренаға алып шығып, олимпиада шыңын бағындыру еді. Қызымыз жарты жылдың ішінде екі мәрте әлем чемпионы атанды. Ата-ана үшін үлкен мәртебе – осы.

Аида атасы мен әжесінің қолында өскен. Атасы спортқа жақын адам болғандықтан,

қасына ертіп жүріп бейімдеген. Оған қоса Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернаты колледжінің үздік түлектерінің бірі. Олимпиадаларға жолға шыққанда: «Қызым, біз саған сенеміз! Міндетті түрде жеңіспен ораласың!» деп қолдау көрсетіп шығарып саламыз, – деді анасы Қарлығаш Әбікеева.

Чемпионды қарсы алған жүздеген жанкүйерлер – мектеп-интернат колледжінің шәкірттері кеуделерін қуаныш

кернеген күйде қолтаңба алып, чемпионмен естелік суретке түсуге ұмтылды.

– Аида біз үшін қайсарлық пен табандылықтың символына айналған. Әр жеңісі арқылы мотивация беріп келеді. Біз де чемпион болғымыз келеді, – деп жарыса айтты колледж студенттері.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Кітап оқып жарысайық!

Француз ойшылы Дени Дидро «Кітап оқуды қойған адам ойлауды да қояды» депті. Ғұламаның нақылын сөз мәміне салғанымыз тегін емес. Өйткені, ақылына ақы сұрамайтын асыл қазына тегіс бір ұлтты, бүтін бір адамзатты тезге салады, темірқазықтай жол көрсетеді. Бірақ оның құдіретін таныну – санаулыларға ғана саналыларға бұйыратын бақ. Елімізде осылайша санаулылардың қатарын көбейтуді көздеп, кітап оқу мәдениетін қалыптастыратын «Кітап оқитын ұлт» жобасы бастау алды. Қарағанды облысы – жобаны пилоттық режимде іске қосқан республика бойынша алғашқы өңірлердің бірі. Бүгінде қанатқақты жобаға қатысуға ниет білдіргендердің қарасы қалып. Қарағанды өңірінің 61 мыңнан астам тұрғыны тегіс тіркеліпті. Бұл көрсеткіш тіркелу аяқталғанша, яғни 20 қыркүйекке дейін одан әрі ұлғаймақ.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда айтқан тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылуда. «Өскемді ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Балалар отансүйгіш, шығармашы, жасампаз, білімді, еңбекқор, қамқор және үнемшіл болып тәрбиеленуі керек», – де-

ген болатын Президент. Ал кітап – көрінбейтін тәрбие құралы. Осы орайда быыл алғаш рет республика көлемінде «Кітап оқитын ұлт» жобасы бастау алды.

Бұл байқау жас ұрпақтың кітап оқу дағдысын жетілдіріп, ұлттық құндылықтарды санаға сіңіруді, отансүйгіштікке баулып, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруды, сонымен қоса азаматтардың сыни ойлау, шығармашылық қабілетін дамытуды мақсат етеді.



Суретшілік дарексөзден

Зияткерлік сайыс ауқымды аудиторияны қамтып отыр. Оған 6-10 сынып оқушылары, колледж және жоғары оқу

орындарының студенттері, педагогтер, мемлекеттік қызметшілер мен әулеттік командалар қатыса алады. Байқауды

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

«AMANAT» партиясының қолдауымен «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры ұйымдастырды. Басты демеушілері – Alageum Electric, «RGB Group» компаниялары.

Жоба аясында «Кітап оқитын мектеп», «Кітап оқитын колледж», «Кітап оқитын университет», «Кітап оқитын педагог», «Кітап оқитын әулет», «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші» деп аталатын алты бағыт бойынша кітап оқу байқауы ұйымдастырылады.

Әр бағытқа қатысушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескеріле отырып, 15 кітап дайындалған. Жалпы, тізімге «100 кітап» жалпыұлттық сауалнама нәтижесінде таңдалған шығармалар мен әлемдік бестселлерлер енгізілді.

➤ 5-бет

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Кенттің қысқа дайындығын тексерді

Алдағы жылыту маусымына дайындық аясында облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов, депутаттар Бейбіт Досжанов, Андрей Ляпунов, Ерден Халилин және Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов жұмыс сапарымен Молодежный кентінде болды. Делегация кенттегі бірқатар инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандарды аралап, олардың қазіргі жай-күйімен танысты.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен халықты жылумен қамтитын негізгі нысандар тексерілді. Депутаттар 2024 жылы іске қосылған қуаты 15 МВт модульдік қазандықтың жұмысын талқылады. Қысқы маусымда тиімділігін дәлелдеген қазандық бүгінде 5 мыңнан астам тұрғыны бар елдімекенді жылумен қамтамасыз етіп отыр. Бұдан бөлек, қуаттылығы 24,5 МВт болатын жаңа қазандықтың құрылысы жүргізілуде. Оның пайдалануға берілуі жылумен қамту сапасын арттырып, коммуналдық қызмет көрсетуді жақсартуға мүмкіндік береді.

Жұмыс сапары барысында депутаттар «Шабыт» оқушылар сарайында болды. Бұған дейін Молодежный кентінде тек 107 балаға арналған Балалар өнер мектебі



ғана жұмыс істеп келген. Откен жылы облыстық бюджет есебінен күрделі жөндеу жүргізіліп, бүгінде 267 оқушы сапалы қосымша біліммен қамтылып отыр. Жергілікті балаларға арналған үйірмелер мен шығармашылық бағыттағы секциялардың санын көбейту жоспарлануда.

Депутаттық корпус кенттік аурухананың жұмысымен де танысты. Онда медициналық қызмет сапасын арттыру үшін күрделі жөндеу қажеттігі атап өтілді. Алайда, бұл мақсатта әзірге жобалық-смет-

талық құжаттама дайындалмаған.

Осакаров ауданындағы депутаттар инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандардың жағдайын зерделеп, алдағы уақытта жылыту маусымына дайындықты қатаң бақылауда ұстайтындыктарын жеткізді.

Осакаров ауданы

Суреттер облыстық мәслихаттың әлеуметтік парақшасынан

• ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Саран «сабағы» енді қайталанбайды

Откен қыстың жылыту маусымы басталған қазан айының басындағы жағдайды сарандықтар әлі ұмыта қойған жоқ. Сол мерзімдегі 3 күнде мұнда жаңадан салынған жылу-энергия орталығынан жіберілген жылу қалаға жетпей, ол суықта қалтырап, бүрсендеген тұрғын халықтың орынды ашу-ызасын туғызған-ды. Осыдан кейін аталған орталыққа орнатылған арзан насостар мен технологияның бұзылуынан орын алған кемшіліктердің салдарынан қала әкімі Еркін Баулықов қызметінен кетіп, жаңадан тағайындалған әкім Дарын Бұлқайыров пен оның орынбасары Дастан Әрнешевтің оны жою үшін жарғақ құлақтары жастыққа тимей, бел шешпеген күндері аз емес.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олар осы мақсатта қолда бар күштерді жұмылдырып, жылу-энергия орталығында тұрған қазандықтың 4 пешінің біреуінің күшімен Сарандағы көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандардың жартысына жуығын қыс бойы орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етіп, қалғандарын бұрыннан қолданылған оқшау қазандықтарды іске қосу арқылы жылыту маусымын одан әрі ың-шыңсыз аяқтап шығуға қол жеткізген.

— Бұл біз үшін үлкен сабақ болып, енді мұндай апатты жағдайдың қайталанбауына күш салып, жылу-энергия орталығы мен қаланың жылыту жүйелерін алдағы қыстың қатал сынына 100 пайыз дайын қылдық. Қазірде қалаішілік жылу жүйелері сығымдалып, шайылып, гидравликалық сынақтан өткізіліп, 15 қыркүйектен бастап, қалаға жылу беріле бастады. Бұл мәселе күнделікті біздің тұрақты бақылауымызда, — дейді Саран қаласының әкімі Дарын Бұлқайыров.

Айтқандай, жылыту маусымы аяқталған сол көктем мезгілінен бері жаз бойы жылу-энергия орталығы қазандығының 4 пешінде де әлгі арзан насостар бәсі жоғары жаңасына ауыстырылып, түтін сорғыш, датчиктер, тағы да басқа механизмдер тексеріліп, айырбасталған көрінеді. Егер қыс бойы орталықтың қазандығында жағуға 30 мың тонна көмір қажет болса,



Коллаж жасаған Айбек Рахымов

әзірге оның бір жарым айға жетерлік қоры жинақталып, облысымыздың Кузнецк кенішінен күніне 400 тонна көмір жеткізілуде.

Биылғы қысқы жылыту маусымында қаладағы 240 көпқабатты үйдің барлығы мен 45 әлеуметтік нысан жылу жүйесіне қосылған. (Бұл сынақ түріндегі қосу болғандықтан тұрғындар жылу ақысын тек 1 қазаннан бастап төлейді). Оларға жылу баратын қалаішілік 36 шақырым және жылу-энергия орталығынан қалаға дейінгі аралықтағы 5,5

шақырым магистралдық тораптардың бәрі өткен жылы жаңадан төселгендіктен апат қаупінің ауылы алыс. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, алда-жалда сондай жағдай туындай қалса, қаладағы 21 оқшау қазандық та сақай сай тұр. Жаз айларында оларға да тексеріс жасалып, тиісті жөндеу жүргізілген. Сол дербес қазандықтың төртеуі бүгінде қаланың бүйіріндегі бұрынғы Резина-техникалық зауыт аймағындағы 24 көпқабатты үй мен сондағы өнеркәсіп кәсіпорындары аумағын

жылытуға пайдаланылып отыр. Осы 4 қазандықтың қыс бойы жағатын 12 мың тонна көмірі де қоймаға тасылып алынған екен. Ал қалған дербес қазандықтар, жылу-энергия орталығының 3 пеші де резервке қойылыпты. Ендеше Саран қаласы тұрғындарының алдағы қыстың қаһарынан қаймығып, қорқатындай жөні жоқ.

САРАН

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Қайтарылған активтердің қайыры

Шет ауданының Еңбекшіл ауылында тұрғындар көптен күткен қуанышты жаңалықтың куәсі болды. Мемлекетке қайтарылған активтер есебінен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында ауылда жаңа медициналық пункт есігін айқара ашты.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Медпункт 200-ден астам ауыл тұрғынына қызмет көрсетеді. Заманауи құрал-жабдықтармен жарақаттандырылған жаңа ғимарат дәрігерге дейінгі қабылдау, қарау, процедуралық және пациенттерді қабылдау бөлмелері сияқты қажетті кабинеттердің бәрін қамтиды. Сонымен қатар, мұнда аудандық аурухананың реанимобилі бекітіліп, шұғыл жағдайларда жедел көмек көрсету мүмкіндігі артты.

— Еңбекшіл ауылында он жылдан астам уақыт медбике болып жұмыс істеймін. Ауылымызда заманауи медициналық мекеменің ашылғанына қуаныштымын. Енді тұрғындарға медициналық көмек алу үшін ауданға немесе қалаға барудың қажеті жоқ, сапалы емді өз ауылында алады, — дейді медбике Қымбат Серікқызы.

Бұл Шет ауданында қайтарылған

активтер есебінен жүзеге асқан жалғыз медициналық жоба емес. Қазіргі уақытта Жыланды ауылында да жаңа медпунктің құрылысы жүріп жатыр.

Жалпы алғанда, арнайы мемлекеттік қор есебінен Қарағанды облысында соңғы жылдары 24 медициналық мекеме салынды. Тағы 27 нысанның құрылысы жалғасуда.

Ауылдың тыныс-тіршілігін серпілтен осындай игі бастамалар — әлеуметтік әділдіктің, мемлекеттің қамқорлығы мен елдік жауапкершіліктің нақты көрінісі. Қайта жаңарған ғимараттар мен жаңа нысандар халыққа сапалы қызмет көрсетіп қана қоймай, ауылдардың келбетін де жаңартып, тұрғындардың көңіліне сенім мен үміт ұялатады.

Өз тілшімізден

• ОРАҚ – 2025

Миллион тонналық мақсат

Өңірде биылғы егін орағы бұрынгыдан да қарқынды өтуде. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, қазірдің өзінде 600 мың тоннаға жуық астық бастырылып, гектарына орташа түсім 12 центнерге жетті. Дәнді дақылдармен қатар картоп, көкөніс және майлы дақылдарды жинау да белсенді жүріп жатыр. Мемлекет тарапынан арзандатылған жанар-жағармай, тыңайтқыш пен пестицидтерге субсидия, жеңілдетілген несие және техника паркін жанарту сияқты қолдаулардың дер кезінде көрсетілуі дикандарға өнім көлемін сақтап қалуға мүмкіндік беруде.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл егіс алқаптарының көлемі 914,7 мың гектарды құрап, майлы және мал азықтық дақылдарға басымдық берілді. Ауа райы қолайлы жағдайда бұл науқан қыркүйек айының соңына дейін толық аяқталып, шамамен 1 миллион тонна астық, 373 мың тонна картоп пен 75,5 мың тонна көкөніс жиналады деп жоспарланып отырғанын мәлімдеді ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Әнуар Түлібеков.

Баскарма мамандарының айтуынша, негізгі басымдық



Суреттер облыс әкімінің сайтынан



эртаптапандыруға берілген. Яғни, майлы және мал азықтық дақылдардың егіс алаңы артты. Картопка — 15 мың гектарға жуық, көкөніске — шамамен 2 мың гектар жер бөлінді.

Орақ науқанына қажетті жанар-жағармай арзандатылған бағамен жеткізілді. Барлық агротехникалық шаралар дер кезінде жүргізілді: ми-

нералды тыңайтқыш енгізіліп, өсімдіктерді қорғау жұмыстары атқарылды. Бұл өнім көлемін сақтап қалуға және фитосанитарлық қауіп-қатерлерді азайтуға мүмкіндік берді. Күзгі үстеп қоректендіру де қарастырылған.

Сонымен қатар, шаруалар жеңілдетілген шарттармен техника паркін жаңартуда. «ҚазАгроФинанс» арқылы

600-ге жуық арнайы техника лизинг арқылы сатып алынды. Ал, «Кең дала» және «Кең дала — 2» бағдарламалары арқылы 14,1 млрд теңгеге дейін қаржы бөлініп, шамамен 250 шаруашылық қолдау тапқан. Бұдан бөлек, тұқым шаруашылығын дамытуға, тыңайтқыштар мен пестицидтерді субсидиялауға, су жеткізуге 5 млрд теңге қарастырылып отыр.

ТМД-ны жылытқан жігер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретін уақыт келді» деген болатын. Соңғы жылдары өндірісті өңір Президент тапсырмасын бизнестің буынын бекіту тұрғысында қарышты қадамдар жасап келеді. Түрлі кәсіпорындар есігін айқара ашып, дүниежүзілік нарықтарда төбе көрсеткен төбелге айналып келеді. Осындай іргелі кәсіпорындардың бірі – «Горняк автоматты қазандықтары» серіктестігі.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іскерлік іргетасы

Моншаңызды, яки, жер үй-іңізді әп-сәтте бір батырма арқылы ғана жылытып бере салатын автоматты қазандықтар жайында естуіңіз бар ма еді? Иә, бұл заманауи қазандықтар да Қарағандыда өндіріледі. Өндіріліп, сатылып қана қоймай, жаһан елдеріне экспортталуда. «Горняк» бренділі жылыту қазандықтарын өндіруші компания бүгінде Қазақстан мен одан тыс жерлерде өз саласында көшбасшы болып танылды. Ал, осы ірі өндіріс орнын басқарушы адамның есім-сойы – Данил Андреевич Березин. Ол әкесі, Андрей Алексеевич Березиннің ізін жалғастыра біліп, 2013 жылы компанияның екі тізгін, бір шылбырын қос қолына алып, оны жаңа деңгейге көтерді.

Барлығы 2007 жылы басталыпты. Қарағандының қарапайым тұрғыны, дәнекерлеуші Андрей Алексеевич өз үйінде тұрмысына қажетті алғашқы қазандықты жасап шығарды. Мақсатында үй-жайдағы қазандық суық күндері адамның көземелінсіз өздігінен автоматты негізде жылу таратып тұрмағы шарт болған. Діттеген қазандық даяр болысымен, машақат пен мекхнаттан арылған олардың бұл берекелі тірлігін айналасындағылар да аңдай бастаған. «Іздегенге сұраған». Алғашында тек көрші-көлем мен тамыр-таныстың сұранысы бойынша жұмыс істеген өркениетті өнім түрі бірте-бірте үлкен сұранысқа ие бола бастады. Осылайша, қарапайым идеядан еліміздің индустриалды алыбына айнала білген кәнігі кәсіпорынның негізі қаланды. 2013 жылы компания занды түрде тіркеліп, өнімдері Қазақстанның түпкір-түпкіріне тарала бастады. Әуел басқы өндірістік штат саны да 8-ге дейін өсті. Ал, бас директор ретінде осы компанияның болашағын қалыптастыруға Данил Березин өзі белсеніп, білек сыбанды.

– Жаңа дәуір, жаңа техноло-



атаулы кәсіпорында қазандықтар мен су жылытқыштардан бастап, желдеткіштер мен автоматикаға дейін өндіріліп жатыр. Қатты отын, газ, электр қазандықтары, монша пештері, сорғылар – әрбір өнім өзінше бір өнер туындысы сияқты, – тұжырды ойын Данил Андреевич.

Іскерлік іргетасы ілкімді істерімен қаланған компания ендігі уақытта Еуроодақ нарығына шығуды көздеді. Мұрат – асыл, мақсат – айқын. Оған негіз де жоқ емес. Мәселен, Kuка дәнекерлеу роботтары сияқты әлемдік деңгейдегі технологиялар компанияның өндірісін ерекше етіп тұр. Бұл роботтар темір тігістерінің жоғары дәлдігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп, өнімнің сапасын арттырады. Әрбір бөлшекке ерекше назар аударылып, әрбір өнім мінсіз жасалатындықтан, компанияның атағы мен бренділі беделі шетел тұтынушыларын елеңдете бастады. Kuка – өнеркәсіптік робототехника саласындағы әлемге әйгілі неміс компаниясы. Бұл компания автоматтандыру және робот жасау технологияларын дамытуда жетекші орын алады. Оның роботтары автомобиль, логистика,

Березиндер әулетінің кәсіпкерлік мұрасы

Данил Андреевич әкесінің әу баста салып кеткен сара жолын жалғастырып, нәсіпті кәсібін әрі қарай дамыта отырып, тек отбасылық бизнестің табысты болуына ғана емес, ел экономикасына да зор үлес қосып келеді. «Автоматты қазандықтар» тек қазандықтар мен су жылытқыштарының өндірушісі емес, сонымен қатар, еліміздің индустриясына жаңа серпін берген инновациялық кәсіпорын деп бағамдасақ, ләзім. Өндірістің алдағы жоспарлары туралы айтқанда, Данил Березин: «Біздің мақсатымыз – сапа мен инновацияны біріктіру арқылы нарықта жетекші болу. Біз тек отандық өнімдермен шектелмей, айдай әлемге өз өнімдерімізді танытуды көздеп отырымыз», – деп атап өтті. Қарағанды топырағында қанат жайған бұл индустриалды алпауыт, енді еліміздің ғана емес, жиһан жағрапиясындағы сан түрлі елдерінде өз өнімдерін ұсынуға дайын. Қазандықтар мен жылу жүйелері жайлы сөз қозғағанда, мұның артында Березиндердің бренді тұрғандығы ұмытылмастай әсер қалдырады.

бағдарламалары келіссөздер жүргізу дағдыларынан бастап, персоналды басқару, өнім туралы терең білім мен өндіріс технологиясын қамтиды. Осындай ерекше оқу үдерісі компанияның күнделікті қызметінде тиімділікті арттырып

желісін толықтырып, тұтынушыларға кең ауқымды таңдау мүмкіндігін береді. Сонымен қатар, KG Elektronik (Түркия) пен Келет (Алматы) сияқты өндірушілердің өнімдері де компанияның қызмет аясында бар. Осы талғамды серіктестік арқасында, компания әлемдік тәжірибені қолдана отырып, өзінің өнімдерін үнемі жаңартып, сапасын арттырып отырады. Мұндай байланыстар халықаралық нарықта сенімділік пен беделдің артқанының айқын дәлелі.

Инновациялық шешімдер

Қазіргі таңда «Автоматты қазандықтар» өз өнімдерін тек жоғары сапалы қазандықтармен ғана емес, сонымен қатар, Must бренді бойынша инверторлармен толықтырып отыр. Бұл инверторлар электр қуаты өшкен жағдайда айналым сорғысын қолдап, қазандықтың қызып кетуіне жол бермей, жылу беруді қамтамасыз етеді. Мұндай жүйе физикалық араласуды қажет етпей, қолданушыларға қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз етеді. Осындай онтайлы құрылғылардың ең басты артықшылығы, олардың жұмыс істемей тұрып та энергияның тұрақты болуын сақтап, жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі. Компанияның үздіксіз оқыту жүйесі, халықаралық деңгейдегі серіктестік және инновациялық технологияларға негізделген жұмыс процесі оның нарықтағы орнын нығайтып, үлкен жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді.

– Өндіріс адамдары мені те-реңірек түсінеді. Әйтсе де, айтай-



дайын мамандар ретінде танылып, кейіннен бірнеше жылдан соң цех басшылары ретінде қайта оралып жатады. Мұндай дербес жүйе еңбеккер кадрлармен қамтамасыз етіп, компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығын да кепілдейді.

– Бірде италиялық сарашшы кәсіпорнымызға келіп, біршама уақыт бойы мұндағы жұмыс үдерісін бақылады. Білген болсаңыз, Италия Еуроодақ аясында Алманиядан кейінгі екінші орында. Ғылым, білім, тендессіз технология тұрғысында. Сондықтан, мұндай шетел өкілдерінің атамекке келіп, отандық өндіріске құлақ түріп, зер салуы аңғарған жанға көп нәрседен ақпар береді. Сарапшымен бір жарым жыл ішінде шетелдік best-іскерлік үлгілерін иемденіп, өндірісімізге ең қажетті жаңашылдықтарды кіріктіре алдық. Экономикалық көзқарасымызды да жоғары деңгейге көтердік. RBK банкі мен «Даму» қорының жан-жақты қолдауының арқасында былтыр біз жалға алған кеңістігіміздің жарымын босатып, өзіміздің дербес ғимаратымызға көшіп, орнықтық, – деп ағынан жарылды компанияның бас директоры.

Компания өз өнімдерінен бөлек, халықаралық деңгейдегі әйгілі брендтердің жабдықтарын да ұсынады. Бұл компанияның сенімді серіктестері мен сапаға деген жоғары талаптарын көрсетеді. Мысалы, Ferrolli мен Immergas (Италия), Kospel (Польша), Металлик и Ко (Ресей) сияқты әлемдік өндірушілердің жабдықтары компанияның өнім

ын. Өзіміздің дербес ғимаратымызға сәтіммен қоныстанған соң, жыл ілгері төлеп жүрген қаржылық шығынды бетонды еденге жұмсадық. Бір қарағанға қалыпты жағдай болып көрінгенімен, бетонды еденнің өзі өндіріс өнімділігін 20%-ға арттырды. Оның үстіне, қалған қаражатты өзге де техникалық шешімдерге сарп етудеміз. Мәселен, қызметкерлеріміздің жұмыс жайлылығы да ерқашан өзекті. Логистикалық хаб ретіндегі қазіргі мүмкіндіктеріміз орасан, – деді Данил Березин.


Бір артықшылығы, бұрынырақ әр тауарды әр жерден тиейтін фура көліктері ендігіде бір нүктеден сапарға шығатын болды. Кәсіпорын газ, көмір және электрлік жылыту қазандық атаулысын сіздің тұрағыңызға жеткізіліммен қамтамасыз етеді. Компанияда газ, көмір және электрлік жылыту қазандықтарын сапа кепілдігімен және еліміздің барлық аймақтарына жеткізіп алуға болады. Компанияда құрамында жылыту техникасы саласында жоғары біліктілігі бар тәжірибелі мамандар жұмыс істейді. Әр маман үнемі инновациялық шешімдерді зерттеп, ең жақсы жылыту жүйелерін ұсыну үшін заманауи технологияларын енгізу жолында еңбектенеді. Жетелі жұмыс барысының негізгі принциптері – адалдық, кәсіпқойлық және әр клиентке назар аудару. Біз қатты отынды және газбен жұмыс істейтін қазандықтардың сенімділігі, қауіпсіздігі мен энергиялық тиімділігін қамтамасыз етеміз. Жылыту



қазандықтары жеке үйлерді, жазғы коттеждерді, өндірістік және қоймалық ғимараттарды жылыту үшін сәтті қолданылып келеді. Әрі мамандар кешенді шешімді қоса қуана ұсынады. Яғни, консультация, жабдықты таңдау, жеткізу және техникалық қолдау.

Қазық

Қазіргі әлемнің шексіз мүмкіндіктері мен таңғажайып инновациялар кезеңінде, отандық өндірістің жарқын өкілі «Автоматты қазандықтар» компаниясы нағыз мұраттарға, ұлттық стандарттарға және экономиканың тұрақты дамуына бағытталған жанартылатын шешімдерді жүзеге асыруда. Біздің заманымыздың аса қажеттілігі – энергия үнемдеу мен қауіпсіздік. Жеке үйлерден алып өндірістік кешендерге дейін, осы серпінді өнімдер арқылы жылу беру жүйесі сенімділігі мен тиімділігі тұрғысынан жаңа биіктерге жетуде. Республикамыздың әрбір қаласында, әлеуметтік жағдайы мен қажеттіліктері әртүрлі тұрғындар мен кәсіпкерлер үшін «Автоматты қазандықтар» дәстүрмен заманауи технологияларды ұштастыра отырып, әркімге қажетті жылу шешімдерін табады. Компания ұжымы логистикалық платформалармен және ыңғайлы цифрлық шешімдермен жұмыс істейді.



гияларды қажет етеді. Бастабында тек үйдің шойын пештері мен автоматты қазандықтарды шығарумен ғана шектелген шағын компания ендігіде мұқым тәуелсіз мемлекеттер достастығын жылыта алатын қауқарға жетті. Нақтыласақ, мемлекетімізді қоса алғанда біз Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан елдеріне тауар экспорттаймыз. Шынтауайында, компаниямыздың өнімдері мен қызметтерінің сапасы ғана емес, оның өндіріс үдерісінің жоғары деңгейі де көпшілікті таңғалдыруда. Арқа атырабының үш ірі цехында толық цикл бойынша жұмыс істейтін

электроника, медицина, металл өңдеу және басқа да салаларда кенінен қолданылады.

Кең ауқымды қызмет көрсету демекші, компанияның филиалдары мен дүкендері еліміздің әр түпкірінде жұмыс істеп, жоғары сапалы қызметтер ұсынып отыр. Қарағанды, Алматы, Астана, Көкшетау, Петропавл, Қостанай және Өскеменде орналасқан 13 дүкенінде өнімдер сатылып, клиенттерге қызмет көрсетіледі. Осылайша, «Автоматты қазандықтар» тек өндіріс орны ғана емес, біртұтас Қазақстан бойынша қолжетімді әрі сенімді серіктеске айналды.

Компания – өз қызметкерлерінің кәсіби деңгейін үнемі арттыруға арналған ірі білім беру алаңы. Мұнда менеджерлерден бастап, өндірістік персоналға дейін әрбір қызметкердің білімін жетілдіруге жете көңіл бөлінеді. Қызметкерлердің кәсіби дамуы, әсілі, өндірістік процестердің тиімділігін арттырумен қатар, жалпы компанияның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге де игі ықпал етеді. Оқытудың жүйелі жолы дегенімізде, кәсіпорынның тұрақты өсіп-дамуының құпиясы – білімділік пен кәсіби дамуға деген ерекше көзқарасында. Оқыту

Суреттер компания мұрағатынан

Өңірдегі өркениет өлшемі

Жаһандану дәуірі. Жасанды интеллект игілігі. Цифрлы Қазақстан. Озық ойлы ұлт. Инновациялық технология. Мұның барлығы – өркениеттің өлшемі, уақыттың талабы. Ал, мұндай жауапкершілігі зор қадамға Қарағанды өңірінің әлеуеті мен мүмкіндігі толық жетеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқасев жаңа Жолдауында әр салаға жасанды интеллектіні кеңінен енгізіп, экономиканы толық цифрландыру керектігіне тоқталды. Расымен де, бұл стратегиялық шешімнің ел дамуына қажеттілігі аядай екені анық сезіліп отыр.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«JoLScan»: жол сапасын қадағалайды

Қарағанды қаласында және жақын аймақтарда көлік инфрақұрылымын цифрландыру мен қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар инновациялық жобалар іске қосылды. Осындай озық бастамалар заманауи технологиялар жол сапасын бақылау, көлік қозғалысын оңтайландыру және жол қозғалысы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Мәселен, жолдардың жай-күйін автоматты түрде бақылайтын «JoLScan» пилоттық жүйесінің іске қосылғаны – маңызды жаңалықтардың бірі. Бұл жүйе компьютер арқылы бейнетіркештегі видеозахваларды талдап, жол төсеміндегі ақауларды анықтайды және оларды векторлық белгілер арқылы салыстырады да, картаға түсіреді.

Яғни, «JoLScan» жүйесі жолдағы проблемалық учаскелерді жедел анықтауға және жол сапасының интерактивті картасын қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр. Жаңа жүйенің көмегімен бүгінгі күнге дейін 200 шақырымнан астам жол қамтылып, 500-ден астам ой-шұңқыр тіркелген. Сонымен қоса, шұғыл жөндеуді қажет ететін бес аймақ анықталған.

«Ақылды» бағдаршам: кептеліс азаяды

«Жол қозғалысын басқару жүйесі» жобасы аясында интеллектуалды бағдаршамдар да жұмыс істеп тұр. Жүйе жол қиыстарындағы көлік ағындарын нақты уақыт режимінде бақылап, қозғалыс жағдайына қарай бағдаршам жарығын автоматты түрде реттеп отырады. Егер басқа бағытта көлік болмаса, онда көлігі көп жолдың жасыл түсі жанып тұра береді. Осылайша «Ақылды» бағдаршамның арқасында көлік кептелісі азайып отыр.

Қазіргі уақытта Қарағанды қаласында 206 бағдаршам бар,

оның ішінде 10-ы интеллектуалды жүйемен жабдықталып, маңызды деген жол қиылыстарына орнатылған.

Бытырдан бері Қарағанды және Теміртау қалаларында «Қауіпсіз қала» жобасы аясында «Жаяу жүргіншілер өткелі» апараттық-бағдарламалық кешен де іске қосылды. Бұл жүйе тәулік бойы жұмыс істейді. Заманауи үлгідегі камералар орнатылған кешен кез келген ауа райында көлік құралдарын, жаяу жүргіншілерді, мемлекеттік тіркеу нөмірлерін және олардың қозғалыс траекториясын тану мүмкіндігіне ие. Жинақталған мәліметтер автоматты түрде өңдеу орталығына жіберіліп, жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілері бойынша дәлелдемелік база қалыптасады.

Сонымен қатар, бет-әлпетті тану жүйесі де жұмыс істейді. Бұл жүйе стационарлық бақылау камераларымен және полиция қызметкерлерінің мобилді жетондарымен біріктірілген. Бүгінде барлығы 83 құрылғы жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері осы жүйелердің көмегімен іздеудегі 268 азамат анықталып, ұсталды.

Қарағандыда қолға алынған бұл бастамалар – көлік инфрақұрылымын цифрландыру және қауіпсіздікті арттыру саласындағы елеулі қадам. Аталған «ақылды» жүйелер тек жол сапасын ғана жақсартып қоймайды, жол қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді. Әрі көлік қозғалысын тиімді басқаруға, құқықбұзушылықтың алдын алуға айтарлықтай ықпалын тигізуде.

Бағдарлама азықтүлік бағасын бақылайды

Қарағанды облысында әлеуметтік салада да сандық технологияның көмегімен «Азықтүлік бағасын мониторингтеу» жобасы сәтті жүзеге асып отыр.

– Мемлекет басшысы өз Жолдауында жасанды интеллекттің экономиканың барлық саласына енгізу және жаппай цифрландыру міндетін қойды. Осы мақсатта өңірде халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға және әлеуметтік



Коллажы жасаған Шынар Алимбекова

тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр, – дейді ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий.

Жаңа жүйе әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының бағасын автоматты түрде анықтап және күн реттілігін талдайды. Нейрондық желі деректерді өңірдегі сауда желілерінің сайтынан жинайды. Алынған ақпарат жедел шолулар мен талдамалық есептер түрінде ұсынылады. Бұл баға өзгерістері туралы, жалпы нарықтағы баға саясаты жайында хабардар болуға өзінің мүмкіндігін ұсынып отыр.

– Бүгінде жанар-жағармай бағасы туралы ақпаратты автоматты түрде жинау, бақылауға алынатын тауарлар тізімін кеңейту, сондай-ақ, барлық сауда нүктелері мен тауар түрлерін қамтуға мүмкіндік беретін кассалық чектер деректерін интеграциялау жұмысы жүргізілуде. Бұл нақты орташа тұтынушылық себетті қалыптастыруға жол ашады, – дейді Константин Ильницкий.

Экоинновация игілігі

«Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында қалалар мен елдімекендердегі жасыл желектерді түгендеуге арналған мобилді

қосымша әзірленді. Мобилді қосымша мен серверлік платформа арқылы ағаштардың фотосы, координаты, сипаттамасы тіркеліп, барлық мәлімет жасанды интеллект арқылы өңделеді. Бұл шешім табиғатты қорғау шараларын цифрлық деңгейге көтеріп, есеп жүргізудегі адам еңбегін қысқартады. Жобаның қорытынды есебі биылғы жылдың желтоқсанында ұсынылады.

IT-мамандар дәуірі

Қарағанды облысында IT-білім беру жүйесі жоғары деңгейде жолға қойылған. Жетекші жоғары оқу орындары – Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, сондай-ақ 50-ден астам колледж жыл сайын IT бағыттары бойынша шамамен 600 түлек даярлап шығарады.

Мұнымен қоса, «Террикон алқабы» IT-хабы білім беру ұйымдарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта университеттер мен колледждермен 30 меморандум жасалған, 9 оқу орнында 500-ге жуық студенттің қатысуымен 10-нан астам іс-шара өткізілді. Жасанды интеллект, бағдарламалау

және цифрлық сауаттылық бойынша мамандандырылған дәрістер мен курстар өтіп жатыр. Бұл жобалар арқылы студенттер теориялық білімін нақты практикалық дағдылармен ұштастыра отырып, заманауи технологиялармен ерте танысады.

2025-2026 оқу жылдарына арналған TechOrda бағдарламасы аясында «Terricon School» IT-мектебі 36 грант иеленді. Бұл – өңірдің IT-мамандар даярлау әлеуетін арттыратын маңызды қадам.

Сонымен қатар, жасанды интеллект бағытындағы 10 стартап арнайы бизнес бағдарламаларын әзірлеп, өз жобаларын дамытуға мүмкіндік алды. Бұл стартаптар өңірлік экономиканы цифрландыруға серпін беріп, инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға үлес қосуда.

Ауыл жастарына да IT-білім беріледі. Облыстың ауылдарынан 80-нен астам жас IT және жасанды интеллект негіздерін оқиды. Сонымен бірге, IT-хаб аймағында 15-тен астам оқыту іс-шарасын өткізу жоспарланып отыр.

Қысқасы, Қарағанды облысында жасанды интеллект пен IT саласын дамыту бағытында атқарылып жатқан бұл жұмыстар – өңірдің инновациялық әлеуетін көтереді.

• ГАЗДАНДЫРУ

Теміртау түтінге түншықпайды

Теміртауда металлургиялық комбинаттың 80 жылдық тарихында алғаш рет ауқымды газдандыру жобасының алғашқы кезеңін аяқтауға жакындады. Табиғи газ №2 домна пешіне сәтті жеткізіліп, жаңа технологиялар өндірістің тиімділігін арттырумен қатар, экологиялық ахуалды жақсартуға да жол ашпақ. Бұл туралы Qarmet АҚ баспасөз қызметі хабарлады.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі уақытта мамандар газ қабылдау мен оның шығынын ұлғайтуды оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Qarmet компаниясы болат департаментінің директоры Андрей Бертің айтуынша, табиғи газды пайдалану нәтижесі қазірдің өзінде көрініп отыр. Домна пешінің өнімділігі артқан, ең бастысы – кокстың шығыны айтарлықтай азайған. Бұрын барлық домна пештерінде қолданылған мазутты толық тоқтату да мүмкін болды. 29 тамыздан бастап №2 домна пешінде мазут мүлде пайдаланылмайды.

Табиғи газ сондай-ақ бірінші табакша металл илемдеу цехының әдістемелік пештерінде де қолданыла бастады. Қазіргі таңда төрт әдістемелік пештің үшеуі шамамен сағатына 10 мың текше метр газ тұтынып жұмыс істеп тұр.

Қыркүйек айының соңында №3 домна пешін табиғи газға қосу жоспарлануда. Ал №4 домна пешінде құбыр жүйесін орнату жұмыстары жүріп жатыр. Қазан айының басында барлық үш домна пеші табиғи газбен жұмыс істейтін болады деп күтілуде.

Жоба аясында кәсіпорын экологиялық стандарттарды сақтауға да баса назар аударуда. Табиғи газға көшу нәтижесінде көмірқышқыл газы мен басқа да зиянды заттардың атмосфераға бөлінуі айтарлықтай қысқарып, Теміртау қаласының ауа сапасын жақсартуға ықпал етеді. Qarmet компаниясы бұл бастаманы өңір экологиясын жақсарту жолындағы стратегиялық қадам деп бағалап отыр.

• РЕСМИ

Бағаны сапа қалыптастырады

Қазақстан Астық одағы жаппай егін орағы кезеңіне арналған бағалық бағдарларды жариялады. Одақтың сараптамалық комитетінің жетекшісі Евгений Карабановтың айтуынша, тамыз айындағы ұзаққа созылған жауын-шашын дәнінің сапасын төмендетіп, бидайдың әртүрлі кластары арасында баға айырмасын едәуір арттырмақ. Аграрларға тек негізгі дәнді дақылда ғана емес, арпа, зығыр мен құнбағыста да кең баға айырмашылығына дайын болу қажет. Бұл туралы Agrosearch сайтында хабарланды.

Биылғы маусымда қазақстандық бидай нарығы сапаға тікелей тәуелді айтарлықтай бағалық айырмашылықпен сипатталмақ. Дәнінің пісіп-жетілу кезеңіндегі салқын әрі жаңбырлы ауа райы 4 және 5-сыныпты бидай үлесінің артуына алып келді. Соның салдарынан 3-сыныпты азықтық бидай мен 4-сыныпты жемдік бидай бағасының арасы 8-10 мың теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Астық одағының болжамды бағалары бойынша 3-сыныпты бидайдың (клейковинасы 25%) тоннасы 85 000-90 000 теңге, клейковинасы 23% 3-сыныпты бидайдың тоннасы – 80 000-85 000 теңге, 4-сыныпты бидайдың тоннасы – 70 000-75 000 теңге, 5-сыныпты бидайдың тоннасы – 70 000 теңге.

Евгений Карабановтың айтуынша, өткен маусымдағыдай, 3-сыныпты бидай бағасы да клейковина деңгейіне қарай айтарлықтай өзгереді.

Ал, арпа бағасының жазғы өсуінен кейін нарықта түзету күтілуде. Бұған Иран мен Қытай сатып алушыларының қымбат

бағаға келіспеуі, сондай-ақ Ресейдегі мол өнім мен төмендеген бағалар әсер етуде. Болжамды диапазон тоннасына 72 000-76 000 теңге.

Ал, зығыр дәнінің ішкі нарықтағы бағасы – 205 000-220 000 теңге деңгейінде болады деп күтілуде. Соңғы көрсеткіш экспорттық бағыттарға (Еуропа немесе Қытай) тәуелді болады.

Құнбағыстың жаппай орағы әлі басталған жоқ. Дегенмен нарыққа әсер ететін факторлар бар. Майдың ішкі және әлемдік бағасы былтырғыдан жоғары. Болжамды баға тоннасына – 170 000 -175 000 теңге.

Қарағанды облысында қазірдің өзінде 600 мың тоннаға жуық астық бастырылғанын айту керек. Болжам бойынша, өңірде жалпы 946,1 мың тонна астық жиналмақ. Оның ішінде 817 мың тоннасы – бидай. Орташа өнімділік гектарына 10,3 центнер деңгейінде күтіледі. Ал, 2024 жылы бұл көрсеткіш гектарына 14,5 центнерді құраған еді.

Өз тілшімізден

• АГРОХАБ

Аграрлық серпілістің арқауы

Бағыздан көшпелі қазақтың жаз жайлауы болған Арқа төскейі тұрмысқа қолайлылығымен айрықша маңызға ие. Бүгінгі жаһандану дәуірінде де тоғыз жолдың торабында орналасқан қазыналы Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы саласында алдыңғы қатардағы аграрлық әлеуеті мол аймақ. Кең алқап, құнарлы жер һәм еңбекқор шаруа – өңір дамуының басты тетігі. Соңғы жылдары жүзеге асып жатқан инвестициялық жобалар бұл мүмкіндікті одан әрмен еселей түсті. Соның айқын көрінісі – «Евразия Инвест ЛТД» ЖШС базасында салынып жатқан заманауи агрохаб. Бұл нысан тек астық сақтайтын қойма ретінде ғана емес, өңірдің бүкіл агроөнеркәсіптік кешенін жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық орталыққа айналмақ.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде облыс республика бойынша ауыл шаруашылық дақылдарының егіс көлемі жөнінен алғашқы бестіктің қатарында. Соңғы жылдары аймақта агросекторды қолдауға бағытталған ауқымды инвестициялық жобалар лек-легімен жүзеге асырылуда. Бір жағынан шаруалардың тасы өрге домаласа, екіншіден өнімділік те өрісін кеңейте түспек. Осындай бастамалардың ең сүбелісі – жаңа агрохаб құру ісі.

Аймақтың аграрлық секторындағы ең ірі қаламдардың бірі – «Евразия Инвест ЛТД» ЖШС базасында заманауи агрохаб құру бастамасы. Бұл кәсіпорын өңір шаруалары үшін маңызды серпін беретін нақты жобаға айналды.

Компания алғашқы мезетте қуаттылығы 10 мың тонна болатын жаңа элеватор салып, іске қосты. Бұл мақсатта 1,7 млрд теңге көлемінде қаражат жұмсалып, нәтижесінде 10 тұрақты жұмыс орны ашылды. Ендігі кезекте жыл соңына дейін қосымша сыйымдылық қорын тағы 18 мың тоннаға дейін жеткізу көзделіп отыр. Бұл жобаға да қосымша 1,5 млрд теңге инвестиция салынып, тағы 10 жұмыс орны ашылмақ.



Коллажы жасаған Арыстан Қосымба

Осылайша, агрохабтың жалпы сыйымдылығы 30 мың тоннаға жетіп, аймақтағы астықты жинау және сақтауда жаңа мүмкіндіктерді арттыра түседі. Бұл дегеніміз, өндірістік қуаттылықты арттырып қана қоймай, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұзақ мерзімге дейін сапасын жоғалтпай сақтайтын жоба.

Агрохаб тек қойма емес, сонымен қатар, ол – ауыл шару-

ашылығын жаңа сапалық деңгейге көтеретін кешенді жоба. Мұнда дәнді дақылдарды қабылдап, таза-лап, сұрыптап, сақтау ғана емес, сонымен қоса, жаңа әдіс арқылы өңдеу технологиялары да енгізілмек. Бұл арқылы ұн, мал азығына арналған жем және басқа да қосымша өнім түрлерін шығару мүмкіндігі молаяды.

– Біз үшін агрохаб жай ғана

астық сақтайтын нысан емес. Мұнда өнімнің сапасын жыл бойы сақтауға, оны сұрыптап, өңдеуге, нарыққа дайын тауар түрінде шығаруға әрекет етеміз. Нәтижесінде шаруа мамандар тек шикізат сатумен шектелмей, дайын өнім арқылы жоғары табыс таба алады. Себебі

Сурет ашық дереккөзден

Үмітке үкім оқылмайды

Әр қоғамның болашағы – оның ұрпағына деген қамқорлығымен, әділет пен адамгершілікке негізделген көзқарасымен өлшенеді. Бұған биылғы кезекті Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тағы тоқталды. «Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет», – деді Президент. Аймақтағы Қарағанды облысы көмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты – жаза басқан жасөспірімнің тағдырына төрелік айтып қана қоймай, оған ертеңгі күнге үміт пен екінші мүмкіндік сыйлайтын әлеуметтік әрі құқықтық институт.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Ювеналды сот – тәрбие институты

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында облыстық көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында барлығы 2 867 азаматтық іс тіркеліп, оның 2 263-і қаралып үлгерген. Ең қуаныштысы – бұл істердің 91 пайызы тараптардың татуласуымен аяқталыпты. Яғни, ата-аналар арасында да, баланың тұрмыс жағдайына қатысты дауларда да, сот арқылы мәмілеге келуге тырысатын оң үрдіс қалыптасып келеді.

Азаматтық істердің жартысына жуығы – некені бұзу туралы арыздар болса (50%), 15%-ы – алимент өндіру талаптары. Мұндай істерде моральдық тұрғыда ең көп зардап шегетін бала екені анық. Сондықтан, сот мамандары баланың жағдайына жіті мән беріп, ата-аналардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған шешімдер шығарады.

– Отбасылық даулар бойынша тәрбиелеу, баланың тұрғылықты жерін анықтау, ата-анамен қарым-қатынас тәртібін белгілеу мәселелерінде психологиялық

зерттеу міндетті түрде жүргізіледі. Баланың эмоционалдық күйі, ата-анамен қарым-қатынасы, стрестік факторлардың әсері толық ескеріледі. Мұнда психолог мамандардың қорытындылары өте маңызды, – дейді облыстық көмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты төрағасының міндетін атқарушы Динара Мутубаева.

Динара Маратқызының айтуынша, бүгінгі ювеналды сот тәрбие институты ретінде қалыптасып келеді. Басты мақсат – жазалау емес, жасөспірімді түзету, қоғамға бейімдеу.

Тәрбие арқылы түзеу қажет

Жасөспірім анасынан қылмыскер болып тумайды. Бірақ, тарауы көп өмірде қателесуі, жаңылысуы мүмкін. Облыстың ювеналды сотында қаралған істердің мазмұнына үңілсек, бұл ойымыз растала түседі.

Мәселен, 2025 жылдың алғашқы алты айында 8 іс – ата-аналар тарапынан жасалған алимент төлеуден жалтару (ҚК 139-бап), 7 іс – қасақана ауыр дене жарақатын келтіру (заңды өкілдер мен көмелетке толмағандар жасаған), 4 іс – ұрлық, 4 іс – бопсалау

ісі бойынша қаралған.

Яғни, қылмыстық істердің де басым бөлігі әлеуметтік себептерге, отбасындағы тәрбие деңгейіне, баланы қоршаған ортаның әсеріне тікелей байланысты.

Сот мұндай жағдайларда жаза қолдануға асықпайды. Керісінше, баланы түзетуге бағытталған балама шараларды қарастырады.

– Ең алдымен, баланың жасын, отбасы ахуалын, психологиялық жай-күйін, істеген ісіне деген көзқарасын ескереміз. Егер оны қоғамнан оқшауламай түзету мүмкін болса, сол жолды таңдаймыз. Көп жағдайда шартты жаза, қоғамдық жұмыс, ата-анасының қарауына беру, психологпен сабақтар, профилактикалық бағдарламаларға қатыстыру сияқты тәрбиелік сипаттағы шаралар қолданылады, – деп атап өтті Динара Мутубаева.

Байқасақ, бұл бағыттағы маңызды істерді қарағанда әлемнің дамыған елдері де осындай ұстанымды басшылыққа алады екен. Мәселен, Норвегияда бала жасаған әрекетінің салдарын өзі түсініп, түзетуге ұмтылуы үшін ресторативтік әдістер, медиаторлар көмегі, арнайы «Бала үйі» (Barnahus) сияқты орталықтар арқылы кешенді қолдау көрсетіледі. Ал, Германияда юве-



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

налды юстиция жүйесінде шартты жаза мен қоғамдық жұмыстар басты құрал ретінде қарастырылады. Жасөспірімнің әрекеті үшін ата-анаға да жауапкершілік жүктеледі.

Ал, Канадада арнайы заң арқылы көмелетке толмағандар үшін балама жазалар бар. Атап айтсақ, ескерту, кешірім сұрау, медиация, қоғамдық жұмыс секілді жолдар қарастырылады. Әлемді аузына қаратып отырған Жапонияның «отбасы соттары» да, баланы жазаға тартудан бұрын психоәлеуметтік жағдайына терең талдау жасайтын көрінеді.

Тентек қоғамнан шеттетілмейі тиіс

Ювеналды полиция – тәртіп бұзудың алдын алса, мектептер – тәрбиелік жұмыс жүргізіп, тәу-

екел топтарын анықтайды. Ал, ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес) – кешенді зерттеу жүргізсе, әлеуметтік қызмет ұсынатын мекеме өкілдері – отбасы жағдайын зерттеп, қолдау шараларын ұсынады.

Ресми дерекке зер салсақ, осындай үйлесімді жұмыс нәтижесінде аймағымызда соңғы жылдары жасөспірімдер арасындағы қылмыс деңгейі төмендеген.

Соттан кейін де балалардың қараусыз қалмайтынын атап өту керек. Олар үшін патронаж, тәлімгерлік, психологиялық және әлеуметтік қолдау, спорттық, шығармашылық үйірмелерге тарту, кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіледі. Бұл – баланың қоғамнан шеттетілмей, қайта бейімделуіне үлкен мүмкіндік.



Коллаж жасаған Айбек Рахымжан

Білікті маман Динара Мутубаева да, бала байқамай сүрінген жағдайда оған міндетті түрде екінші мүмкіндік беру керек деп есептейді.

– Әр істің арғы жағында адам тағдыры, баланың болашағы тұрғанын естен шығармаймыз. Әділ сот – әділетті үкім шығарумен қатар, баланы дұрыс жолға салатын әлеуетті алаң. Сондықтан, соттың жұмысы тек құқықтық емес, гуманистік сипатта болуы қажет, – деп толықтырды ол.

Әділдік пен адамгершілік – ұлттың рухани тірегі болса, ювеналды сот – осы құндылықтарға ден қоятын бірегей институт. Болашақ ұрпақтың тағдырына бейжай қарамағанда ғана ол әділетті қоғамның адал азаматы болып қалыптаспақшы.

Бәрі де сананы сауықтыру үшін

Ел болашағы саналатын жас буынды зиянды әдеттерден, құқық бұзушылықтардан, психологиялық қысымнан сақтау – мемлекет үшін стратегиялық міндеттердің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында жас ұрпақтың тәрбиесіне, олардың қауіпсіз ортада білім алуы мен дамуына айрықша назар аударды. Осы тапсырманы іске асыруда Қарағанды қаласының екі бірдей колледжінде жастардың құқықтық және психологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған әлеуметтік маңызы бар кездесулер өтті. Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде нашақорлықтың алдын алу тақырыбы көтерілсе, Қарағанды тамақтану және сервис колледжінде буллинг пен кибербуллингке қарсы тұру жолдары қарастырылды.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Денсаулық пен болашаққа қатер

Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінде өткен кездесу «Жаңа түрдегі есірткілер және жастар арасындағы нашақорлық проблемасы» тақырыбына арналды. Екі шараны да Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы мен Қарағанды облысы Полиция департаменті бірлесіп ұйымдастырған.

Кездесу синтетикалық есірткілердің түрлері мен олардың зияны туралы нақты ақпарат беру, құқықтық жауапкершілік мәселелерін түсіндіру мақсатын көздеді. Кездесу барысында жастарға есірткі заттарының адам ағзасына тигізетін әсері – жүйке жүйесінің бұзылуы, когнитивтік қабілеттердің төмендеуі, созылмалы аурулар мен өлімге алып келу қаупі ғылыми және медициналық деректерге сүйене отырып түсіндірілді. Спикер ретінде сөз алған Қарағанды облысы Полиция депар-

таментінің есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Бақытжан Мұстафаев жастарға нақты мысалдар арқылы есірткінің адам өміріне келтіретін залалын және қылмыстық жауапкершілік салдарын нақты мысалдармен жеткізді.

– Колледж студенттеріне нашақорлықтың денсаулыққа да, тағдырға да қатер екенін жеткізуге тырыстық. Жастардың шарада белсенділік танытуының өзі бұл мәселенің өзектілігін аңғартады. Осылай ашық диалогтар арқылы зиянды әдеттерге қарсы иммунитет қалыптастыруды көздейміз, – деп атап өтті Бақытжан Қожахметұлы.

Ресми дерекке сүйенсек, елімізде 108 мыңнан астам адам психоактивті заттарды қолдану салдарынан динамикалық бақылауда тұр. Оның ішінде, 18 мыңнан астам адам есірткіге тәуелді ретінде тіркелген.

Жастар мен жасөспірімдердің есірткі қолдану көрсеткіші соңғы жылдары өсе түскен. Зерттеулер нәтижесінде әрбір бесінші

жастың кемінде бір рет есірткіні тұтынып көргені анықталған.

Шара барысында жастарға Қазақстан Республикасы Қылмыстық және Әкімшілік кодекстеріне сәйкес есірткі заттарын сақтау, тарату, тұтыну жағдайларында туындайтын заңдық салдары толық түсіндірілді.

Буллингке жол жоқ

Қарағанды тамақтану және сервис колледжінде өткен «Стоп буллинг: құрмет, қолдау, сенім» атты кездесу де жастар арасындағы буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, психологиялық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған.

Кездесу барысында орталықтың психологы Әлия Асқамбаева Төлегенқызы студенттермен ашық диалог орнатып, буллинг жағдайларына психологиялық тұрғыда қарай тұру жолдарын егжей-тегжейлі түсіндірді. Жастар ашық диалогқа белсене қатысып, интерактивті жаттығулар арқылы топтық жұмыс дағдыларын



шыңдап, өмірлік мысалдарды талдап, қиын жағдайлардан шығу жолдарын іздестірді.

– Буллинг – адамның ішкі жан дүниесінде терең із қалдыратын психологиялық қысым. Жастарға оларды қолдайтын, жақсы көретін, қамқоршы жандардың бара екенін, көмек қажет бола қалса, сұраудан қорықпау керектігін ұғындырғмыз келеді, – деді Әлия Төлегенқызы.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша, балалардың 17,5%-ы мектепте немесе колледжде буллингке ұшырайды. Ал, 11-15 жастағы оқушылардың 6,8%-ы айына кемінде 2-3 рет қорлау немесе қудалауға тап болатын көрінеді. Сонымен қатар, кибербуллингке әрбір 8-ші оқушы ұшыраған.

Буллингтің алдын алу – алдымен жастардың өз-өзіне деген сенімін күшейту, психологиялық қауіпсіздік пен бір-біріне деген құрметті қалыптастырудың жолы. Мұндай кездесулер оқушылар мен студенттер қауымдастығы арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты нығайтуға, эмоционалдық сауаттылықты арттыруға оң әсерін тигізеді.

Бүгінгі күні Еліміздің болашағы саналатын жастарға зиянды әдеттердің салдарын түсіндіру, қиын жағдайда жалғыз қалмай, қолдау сұрауға болатынын жеткізу – аса маңызды. Мамандар сананы сауықтыру шараларын осындай профилактикалық жұмыс барысында дәрістермен шектелмей, интерактивті тәсілдермен, ашық диалогпен, шынайы өмірлік мысалдармен жүзеге асырып келеді.

Сала мамандарының айтуынша, алдағы уақытта осындай кездесулердің санын арттырып, шалғай аудандар мен ауыл колледждерін де қамту, жастарға арналған психологиялық кеңес беру қызметтерінің қолжетімділігін арттыру, құқық қорғау органдары мен білім беру ұйымдарының үйлесімді жұмысын жалғастыру, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін спорттық, мәдени және шығармашылық іс-шаралар ауқымын кеңейту сынды маңызды жұмыстарды кезең-кезеңімен атқару көзделіп отыр.

Сурет ашық дереккөзден

Кітап оқып жарысайық!

(Соны. Басы 1-бетте).

Мысалы, «Кітап оқитын мектеп» бағытында 6-10 сынып оқушылары үшін әр сыныпқа 15 кітаптан, жалпы 75 кітап тізімі әзірленген. 15 кітап – барлық санатқа ортақ талап. Байқауға қатысушылар кітап оқиды, шығармашылық тапсырмалар орындайды, зияткерлік сайыста бақ сынайды.

Қарағанды өңірі – «Кітап оқитын ұлт» жобасын пилоттық жоба ретінде іске қосқан республика көлемінде алғашқы өңірлердің бірі. Бүгінде интеллектуалды жобаға 61 мыңнан астам адам тіркелді. Қарағанды облысында байқаудың әр санаты бойынша жауапты менеджерлер бекітілген.

Жобалық кеңсе жетекшісі, «Сауатқа Ақраға» медиахолдинг директорының орынбасары Дана Бактығалиева байқауға қатысуға ниет білдірген қауымның өте көп екенін айтты.

– Қарағанды – ежелден-ақ еліміздің интеллектуалды орталығы саналады. Бұл әлі де сақталған. Кітап оқитын байқауға қатысуға өңір жұртшылығы белсенділік танытуда. Кітапсүйер қауым өте көп екенін бізге түскен толассыз қоныраулардан-ақ байқап отырымыз. Тіпті, жобадағы ешбір санатқа жатпайтын азаматтар да қонырау шалып, өтініш білдіреді. Біз оларды «Кітап оқитын әулет» санатына ғана енгізе алдық. Пилоттық жоба болғандықтан, жетілдіретін тұстары да бар екені байқалады. Менінше, алдағы уақытта осындай азаматтар үшін жобаға тағы бір санат енгізу қажет, – дейді Дана Серікбайқызы.

Жобалық кеңсе менеджерлері әрбір ұйымдарға барып кездесулер ұйымдастырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Дана Бактығалиеваның айтуынша, педагогтердің көпшілігі бұл байқауға тек қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері ғана қатысады деп түсінген екен.

– Жоба талабы бойынша кітап оқуға қызығушылығы бар кез келген пән мұғалімі қатыса алады. Осындайда халыққа дұрыс ақпарат жеткізіп, түсіндірудің маңызы зор. Кітап оқитын сайысқа әркім өз еркімен қатысуы қажет, – деп ой түйді жобалық кеңсе жетекшісі.

«Кітап оқитын ұлт» байқауына ең көп тіркелген қатысушылар – оқушылар мен ұстаздар екен. Колледж бен университет студенттері де қалыс қалып жатқан жоқ.

«Кітап оқитын ұстаз» санатына жауапты менеджер – М.Жұмабаев атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мөлдір Әлжанова. Оның айтуынша, қала ғана емес, аудан-ауыл мектептерінде де түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Мектептерден кітапқа қызығатын ағылшын, бастауыш сынып, тарих, биология пәнінен сабақ беретін мұғалімдер де тіркеліп жатыр. Балалар да өз еркімен қатысуға ниет білдіріпті.

– Қазіргі балалар әлеуметтік желіден бас алмайтын ұрпаққа айналды. Олардың назарын телефоннан басқаға аудару қиындап барады. Қомақты жүлдесі бар мұндай байқау мыңдаған адамның, оның ішінде педагогтер мен оқушылардың кітап оқу дағдысын қалыптастыруға сеп болмақ. «Балаларымыз кітап оқитын болды» деп қуанған ата-аналардың қарасы қалың. Әдетте, әдет-дағды кішкентай қадамдардан басталады. Осыдан кітап оқу дағдыға айналып, жас ұрпақтың қызығушылығы артатынына мол сенім бар. Оларға «Жүлдеден де көп құндылық аласыңдар» деп үгіт-насихат жүргізіп жатырмыз, – деді Мөлдір Жақсыбайқызы.

Сайыс аудандық, қалалық және облыстық кезеңдерден тұрады. Байқау жеңімпаздарына қомақты жүлде қоры беріледі: бірінші орынға – 1 миллион теңге, екінші орынға – 600 мың теңге, үшінші орынға – 400 мың теңге. Әрбір қатысушыға сертификат табысталады.

Еске сала кетейік, Қарағанды облысының азаматтары жобаға қатысу үшін әлеуметтік желілердегі Instagram @kitapoqitynult ресми парақшасына және telegram каналында kitapoqitynult арнасына тіркелуі қажет. Ресми парақшалардан байқау туралы ақпаратпен толық танысуға болады. Әр санат бойынша оқитын кітаптар тізімі де осы жерден табылады.

Тіркелу 20 қыркүйекте аяқталады. Білімге ұмтылып, интеллектуалды ұлтқа айналамыз десек, мұндай игі жобадан құр қалмаған жөн.

Адалдыққа кұндақталған кұндылық

Жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі барлық мектептерде «Адал азамат» атты біртұтас бағдарлама енгізілді. Мұның түпкі мәні – адал, еңбеккор, елжанды азаматтарды мектеп қабырғасынан тәрбиелеу. Бағдарламаның өзегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеологиялық ұштағанымен астасып жатыр. Бұл – бұрын жүзеге асырылған «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының мазмұны жаңарған жалғасы болып отыр.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атауы өзгергенмен, мазмұны өзгерген жоқ

2025 жылы Бұрабайда өткен Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды», – дей келе, Құрылтай мүшелері бұл бағдарлама атауын «Адал азамат» деп өзгертуді ұсынғанын және бұл ұсыныспен толық келісетінін баса айтқан болатын. Бүгінде КР Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен ресми түрде жаңа атауы бекітілді. Нәтижесінде бұрынғы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енді «Адал азамат» деп аталады. Еске сала кетейік, бұрынғысы 2023 жылы пилоттық режимде енгізіліп, 2024 жылы барлық білім беру ұйымдарында іске асырыла бастады.

Тәрбие жүйесі жалпыұлттық құндылықтарға негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы байланысты нығайтуға бағытталды. Бағдарлама тек мемлекеттік білім беру ұйымдарымен шектелген жоқ, алғаш рет жекеменшік мектептер үшін де міндетті болып отыр. Бұл тұжырымдама – ел көлемінде білім ошақтарында тәрбие жұмысының бірізді стандартпен жүргізілуін және барлық оқушылар үшін тең орта қалыптастыруды көздейді. Ал оның түпкі мақсаты – қоғамның мызғымас тірегі, отаншыл, білімді, әділеттіліктің, адамгершіліктің, жауапкершілік пен еңбексүйгіштіктің



айқын бейнесі болатын адал азамат тәрбиелеу.

Брендбуктің бірегей мазмұны

Бағдарлама негізінде барлық мектептер бірыңғай визуалды стандарт – брендбукпен безендірілуде. Осылайша, мектептің ішкі және сыртқы келбеті ұлттық тәрбие құндылықтары мен мәдениетті бейнелейтін ортаға айналады. Бұл тұрғыда «Келешек мектептері» негізінде салынған барлық жаңа мектептердің ішкі, сыртқы дизайны басқа да білім ошақтарына үлгі бола алады. Мәселен, Қарағандыдағы быттыр жаңадан ашылған №19 мектептің дизайны ұлттық құндылықтарды айқындайтын қазақы нақыштағы ою-өрнектерге толы екенін байқаған боларсыз. Мұның бәрі биыл атауы ғана ауысқан тұжырымдамаға сай безендірілген. Ал биыл аталған мектеп дәліздері «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының бағыт-бағдары

айқындалған жазулармен толықтырылыпты. Барлық мектептерде ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын 6 құндылық жазылып тұр.

«Бұл нені көздейді?» деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. КР Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан «Тәрбие көру арқылы жүзеге асады» дейді. Оның айтуынша, отандық және халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, мектептің ішкі экожүйесі тәрбиемен ұштастырылып, қолайлы кеңістік қалыптастырылады. «Білім ордасы – үшінші ұстаз» деген тезис ғалымдар арқылы мойындалған.

– Бағдарлама бала тәрбиесіне жаңа серпін беріп, қоғамдағы тәрбиенің темірқазығы болуға бағытталған идеологиялық құжат ретінде қалыптасып келеді. Оның идеологиялық қуаты тек білім алушылармен ғана шектелмей, тұтас қоғамды қамтиды деп сенеміз, – деген болатын оқу-ағарту вице-министрі.

Бүгінде жаңа мектептер ғана емес, күрделі жөндеуден өткен

білім ошақтары да біртұтас бағдарлама көрінісінің нышаны ретінде брендбукпен безендірілуде. Бұған биыл күрделі жөндеуден өткен Қарағандыдағы №5 қосымша білім беру мектеп-орталығы дәлел.

– Кіреберістегі барлық брендбук «Адал азамат» бағдарламасынан алынды. Бірінші қабаттағы дәліз қабырғаларын арнайы мамандар мен мектеп мұғалімдері безендірді. Барлық мектептерге енгізіліп жатқан біртұтас бағдарлама негізінде жазылған жазуды бала өткен сайын оқып, санасына тоқиды. Безендірулер спортзалда да жалғасын табады, – деді мектеп-орталық директоры Торғын Нұрмағамбетова.

Мұндай өзгерісті биыл жөндеуден өткен С.Сейфуллин атындағы гимназиядан да байқадық.

Тәрбие жұмысына барлық тарап қатысады

Мектептегі тәрбие жұмысы бағдарламаға сай жүзеге асуда. Құндылықтарды бала бойына

сіңіруде оқытылатын пән мазмұны, сынып сағаттары және сыныптан тыс тәрбие шаралары жаңғыртылып, барлық тараптар өзара бірлесе қызмет атқарады. Айталық, мектептердегі тәрбие ісі мемлекеттік органдармен, құқық қорғау, денсаулық сақтау, ішкі саясат саласындағы құрылымдармен тығыз байланыста жүргізіледі. Осылайша, әділдік, еңбеккорлық, патриотизм сынды құндылықтар – оқу процесінің өзегіне айналмақ. Осы бағытта мектеп өміріне «Өнегелі 15 минут», күй әуенімен қоңырау соғу, ұлттық ойындар секілді жаңа форматтар енгізілуде. Сонымен қатар, оқушының мектеп қабырғасынан тыс өмірлік тәжірибесін байытуға да ерекше көңіл бөлінеді.

Қарағанды қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектеп бағдарламаға негізделген тәрбие жұмысын бастап кетті. Жаңа оқу жылында мектепте шахмат, футбол сыныбы, қыздар сыныбы, журналистика және медицина сыныптары ашылған. Білім ошағы облыстық кітапхана, медициналық орталық сынды мемлекеттік органдармен тығыз байланыста. Олармен бірге жұмыс жоспары құрылған.

– Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру – маңызды міндет. Қазір мектеп осыған ден қоюда. «Өнегелі 15 минутқа» тек оқушылар ғана емес, ата-аналар да қатысады, дәйек сөздерге қатысты тақырып беріліп, балалары арқылы отбасы құндылығын қадағалайды. Қазақы тәрбиеге аса мән беру көзделді. Қыз балалардың шашы жинақы жүруі үшін «Шаш бұрым» челленджін жасағалы отырмыз.

Ұлттық ойындардан төменгі сыныптар асық ойнаса, орта және жоғарғы буын тоғызқұмалақ, қол күрес сынды спорттық ойындарды ойнайды, жарыс ұйымдастырылады. Сондай-ақ, сабақ аяқталғанда қоңырау күй әуенімен соғылады, – деді Әлихан Бөкейхан атындағы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айнуір Сайлаубекқызы.

Өңірдегі 186 мектепте сыңғырлаған қоңырау үні күй күмбірімен алмасқан. Мұны орыс тілінде білім беретін Теміртаудағы №1 гимназиядан да естіген болатынбыз. Демек, жас ұрпақ ұлттық құндылықты көру арқылы да, есту арқылы да бойға сіңіруде.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Ата-ана – тәрбиенің түп қазығы

Бала тәрбиелеу ісі ортақ жауапкершілікті көздейді. Тәрбиенің бастау бұлағы отбасы, ата-ана екені белгілі. Ал мектептегі тәрбие осыған қосалқы құрал ғана. Десек те, жаңа бағдарлама аясында бала тәрбиелеуге қатысатын мектеп пен ата-аналарды өзара біріктіретін модель енгізіліп жатыр. Себебі, ата-аналармен жұмыс маңызды рөл атқарады. Осы бағытта Қарағанды облысының мектептерінде 16 жоба жүзеге асырылуда. Олардың қатарында «Жас оқырман», «Отбасы сағаты», «Мейірім» аналар клубы, «Ұлағат» әкелер клубы, «Бір отбасы – бір кітап», қыздар мен ұлдарға арналған «Қаһармандар» және «Тұмар» клубтары, «Алғашқы ұстаз – ата-ана» жобалары бар.

Ата-аналар мен ұстаздардың бірлескен әрекеті балаларды тәрбиелеудің негізгі өзегі болмақ. Яғни, оқуына оң әсер етеді, баланың дамуы мен оның әл-ауқатына тигізер ықпалы мол. Осы тұста Қарағанды облысының 404 білім беру ұйымында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары», «Даналық мектебі» клубтары құрылған.

Ата-аналарды педагогикалық қолдауда отбасылық әл-ауқаттың негізі ретінде ұлттық мәдениетке, ұлттық дәстүрлерге, отбасылық құндылықтарға баса мән беріледі. Білім басқармасы мамандарының айтуынша, мұның бәрі оң нәтиже береді. Өйткені ата-аналарды іс-шараларға, сабақтарға және ата-аналар жиналысына қамту көрсеткіші артып, олар мектептермен, сынып жетекшілерімен, мектеп психологтарымен көбірек жұмыс істей бастаған.

Ойымызды сабақтасак, бала тәрбиесінде баршаға ортақ ұстаным бар. Ол – елге қызмет ететін адал азамат тәрбиелеу. Біз сөз еткен «Адал азамат» бағдарламасының көздейтіні де осы. Жалпыұлттық сипат алған, ұлттың ортақ игілігіне айналған жүйе осылайша бала бойына сіңіретін құндылықтарды айқындап берді. Ал оның көрсетер нәтижесі мен берер жемісі алдағы жылдардың еншісінде.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ

• **«ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫСАЙЫҚ!»**

Балапанын ұясында баптаған

Жер-жерде ауыл тойы атап өтіліп жатыр. Қиқұлатып ат шаптырып, бәйге озырмай, аста-төк ас болмай есбір той өткен емес. Бірақ соның бәрі – түптеп келгенде жеке адамдардың қанжығасына қалатын дүние. Ал Шет ауданындағы Кеншоқы ауылының 60 жылдық мерейтойы өзгелерден ерек тойланды. Ауылдың атқамінерлері «Ата жұртқа тағзым» акциясын ұйымдастырып, ауылдың білім сапасын арттыруға жәрдемдесті. Анықтап айтсақ, мектептің қанат қаққалы отырған 12 оқушысына бір жыл бойы ҰБТ-ға дайындалу үшін тегін онлайн-дайындық курсы сертификатын тарту етіп, көпке ортақ қуаныш сыйлады. Әдетте, әрбір азаматтың болашағы туған жерінің қазығына байланады. Түлектер ҰБТ-дан жоғары балл жинап, оқуға түссе, оны абыроймен аяқтап, елге оралса, ауыл үміті ақталмақ. Осындай игілікті істі дәстүрге айналдырып, басқа өңірлер іліп әкетсе, несі айып?!

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтулы шара биыл шілде айында Кеншоқы ауылының 60 жылдық мерейтойында азаматтардың «Ата жұртқа тағзым» акциясы аясында ұйымдастырылыпты. Олар өзара қаражат жинап, Нұра жалпы білім беретін мектебінің 11-сынып оқушыларына «Ұлттық бірыңғай тестілеу» сынағына онлайн дайындық курстарының жылдық сертификатын сыйға тартты. Ал күні кеше аталған дайындық курстары мектепте салтанатты түрде басталды. Бұл шараға мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері, 11-сынып оқушылары, ата-аналар комитетінің өкілдері қатысты. Сонымен қатар, жиынға Алматы қаласынан арнайы «Ұлттық бірыңғай тестілеуге» онлайн дайындық курстарын өткізетін Educon компаниясының «Dostyq online» білім беру орталығының жоба жетекшісі Фархат Ертарғынұлы және акцияны ұйымдастырушы ауыл азаматтары әр өңірден онлайн форматта қосылды.

Биылғы оқу жылында Нұра мектебінен 12 түлек қанат қағады.

Түлектердің баршасы ҰБТ тапсырып, жоғары оқу орнына түсуге ниетті. Олар енді жанашыр жандардың арқасында ҰБТ сынағына алаңсыз дайындалып, міндетті пәндерден бөлек, таңдау пәндері бойынша да онлайн дәріс алатын болады.

Мұндай ізгі қадам ауылдық аймақтарда өткізіліп жүрген той-жиындардың мазмұнын дәстүрлі жарыс, байқаулардан бөлек, ауылдағы жас ұрпаққа жаңа мүмкіндіктер ұсынатын білім жобаларымен толықтыруды насихаттау, өскелең ұрпақты ғылым-білімге бауылып, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуді мақсат етеді.

«Ауыл» партиясы мүшелері Нұра мектебінің оқушыларын ҰБТ-ға дайындап, жоғары оқу орнына түсуге ықпал етуі үшін Educon компаниясына ұсыныс жасаған. Аталған компанияға тиесілі «Dostyq online» орталығы ұсынысты қабыл алып, оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуге онлайн дайындайтын болды.

– Мерейтойлардың бәрі халық қалауымен, салт-дәстүрге сай өткізіліп жатады. Оған еш қарсылық жоқ. Бірақ біз ел болашағына



Биылғы оқу жылында Нұра мектебінен 12 түлек қанат қағады. Түлектердің баршасы ҰБТ тапсырып, жоғары оқу орнына түсуге ниетті. Олар енді жанашыр жандардың арқасында ҰБТ сынағына алаңсыз дайындалып, міндетті пәндерден бөлек, таңдау пәндері бойынша да онлайн дәріс алатын болады.

көмегі тиетін, үлгі-өнеге болатын игі істер жасауды қажет деп тапты. Сөйтіп, «Ауыл» партиясы мен атқамінер азаматтар қаржы жинап, оқушыларды ҰБТ-ға дайындайтын Educon компаниясынан сертификат алып берді. Бұл – ауыл балаларына үлкен көмек. Қала баласы үшін бәрі де қол жетімді ғой. Ал ауылдық жерде мұндай мүмкіндік бола бермейді. Қазір қашықтыққа қарамайтын жаңа технологиялар қаршытап дамып жатыр. Соның бірі – осын-

дай онлайн курстар. Әрине, бұл қаржыны талап етеді. Десе де, дарынды балалар ауылда да жетеді, тек оларға керекті – демеу ғана. Оқушылар жоғары нәтиже көрсетеді деген сеніміміз мол, – деді «Ауыл» партиясы төрағасының орынбасары Қуаныш Сейтжанов.

Сондай-ақ, ол осындай акция басқа өңірлерге де үлгі болса деген ниетін жасырмады. Өйткені, жақсылық жерде қалмайтыны белгілі.

Ігі іске бастамашы болған

«Ауыл» париясынан бөлек, Кеншоқы ауылында туып-өспесе де, арғы аталарының ізі қалған ата-мекенге сый тарту еткен Атымтай жомарт азаматтар. Олардың қатарында Дәулен Жамбылұлы, Жанбол Ерболұлы, Айдос Науанұлы, Азамат Нұрланұлы, Ернұр Құрмашұлы, Ақан Беркімбайұлы, Дархан Дәулетұлы, Ақан Саятұлы, Аңсар Бекболатұлы, Назар Қуанышұлы бар.

Жиын барысында Educon компаниясының «Dostyq online» білім беру орталығының жоба жетекшісі Фархат Ертарғынұлы орталықтың оқушыларды ҰБТ-ға дайындайтын өзіндік тәсілімен бөлісті. Көптеген жастардың білімін жетілдіруге көмек көрсеткен орталық 2022 жылдан бері оқушыларды ҰБТ-ға үздіксіз дайындап келе жатыр.

Жоба жетекшісі Фархат Ертарғынұлы алдымен балалардың әрқайсысына жоғары оқу орнына түсуге жол ашып, ізгі амал жасап

жатқан «Ауыл» партиясына, жанашыр азаматтарға алғысын білдірді.

– Жақсы оқытын оқушылар ғана ҰБТ-да жоғары балл жинайды деген миф бар. Шындығында олай емес. Әрбір оқушы жоғары балл жинай алады. Тек оларды тиімді дайындаудың тәсілін білу керек. Осы орайда Нұра мектебі оқушыларының білімін одан әрі жетілдіруге «Dostyq online» білім беру орталығы бар күшін салатын болады. Сапалы нәтиже көрсетіп, оқушылардың жоғары оқу орнына түсуіне мол сенім білдіреміз, – деді ол.

Сондай-ақ, жоба жетекшісі ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындаудан бөлек, орталық өз ішінде олимпиада ұйымдастыратынын, оқушыларға университетке түсуге ішкі гранттар бөлетінін айтты. Мұнда мамандық таңдауға көмектесетін профориентаторлар да жұмыс жасайды. Тіпті, орталықтың жоғары нәтиже көрсеткен түлектерін осында жұмысқа да шақырылады екен.

«Dostyq online» білім беру орталығы ортақ нәтижеге қол жеткізу үшін үштік одақ құрады, яғни бұл процеске ата-ана, оқушы, мұғалім қатысады. Ата-анаға баланың қандай білім үйренгені туралы есеп береді.

Ал Нұра мектебінің директоры Досболат Мусин мұндай бастама – мектеп рейтингін көтеруге сеп болатынын айтып, азаматтарға алғысын білдірді. Ал оқушыларға жауапкершілікті сезіну керекін айтып, мол үміт артты.

Сондай-ақ, ауыл азаматтары мен ата-аналар бастамашы болған жанашырларға ризашылығын тағы бір мәрте білдіріп, түлектерге сәттілік тіледі. Ал оқушылар «артылған үмітті ақтаймыз» деп отыр.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТҰСАУКЕСЕР

Туған жерді тұғыр еткен тұлпар жыр

Шет өңірінің рухани тынысын кеңейткен әдеби кеш Ақсу-Аюлы топырағында өтті. Бұл жолғы жыр кешінің жалауын жерлес ақын, журналист Жәнібек Әлиман көтерді. Жаңа кітабы «Алтын тұңғықтың» таныстырылымы туған жердің жүрегінде, Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлыда өтті. Туған жермен қауышудың әсері, жырмен өрілген кештің өнегесі оқырман мен қаламгер арасындағы алтын көпірге айналды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кештің өтуіне ұйытқы болып, қолдау көрсеткен Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров пен оның орынбасары Дәурен Көрсембаев, Мәдениет бөлімінің басшысы Асхат Жанатұлы және аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Берікбол Дәулетұлы кеш соңына дейін қатысып, ақынға құрмет көрсетіп, сый-сияпаттарын тарту етті.

Алыстан ат арытып келген қадірлі қонақтардың қатарында қазақ әдебиетінің алыптары да болды. Астанадан арнайы келген Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қазақ поэзиясының классигі Ғалым Жайлыбай, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, көрнекті жазушы Өмір Кәріп, Алматыдан алып-ұшып жеткен белгілі ақын, аудармашы, «Алаш» сыйлығының иегері Дәурен Берікқажы, Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры, талантты ақын Жанат Жаңқаулы сынды қаламгерлер ақынның шығармашылығы туралы тебірене сөз сөйлеп, руханиятқа қосқан үлесін жоғары бағалады.

– Жәнібек Әлиман – бүгінгі қазақ поэзиясындағы жарқ еткен жас жұлдыздардың бірі. Оның өлендерінен тек қана қаламның ұшынан емес, жүректің тереңінен шыққан шындықтың үні естіледі. Сөз саптауы – соны, ойы – сергек. Жәнібектің жырларында ұлттық таным мен бүгінгі күннің тынысы қатар өріледі. Жастар поэзиясына жаңбырдай серпін әкелген бұл қаламгердің өлендерін оқығанда, ертеңге үмітпен қарайсың. Себебі ол – өлеңге адал, жырга жантәнімен берілген ақын. Оның жырларында бүгінгі үні, ертеңнің лебі бар, – деді ақын Ғалым Жайлыбай.

Кеш тізгінін ұстаған белгілі ақын Тілеген Әділов көркем тілімен, шебер жүргізуімен көрермен көңілінен шығып, әдеби кештің шырайын кіргізді. Табиғат пен тарихты тілге тиек еткенде, Тағылы тебіреніп, Бұғылы буырқанып кеткендей әсер қалдырды. Аюлының айдарынан жел ескендей, кеш мазмұны рухани серпіліс сыйлады.


Орындалған әндер де кеш мәнін арттыра түсті. Аймаңдай әнші Ержан Базарбеков қос



әнін қалықтатып, көрермен қошеметіне бөленді. Шет өңірінің дәстүрлі ән шебері Еркебұлан Ахмет халық әні «Алқоңырды» әсем орындап, залды тербетсе, эстрада әншісі Ербол Алшынбаев ақын сөзіне жазылған Шынғыс Мұқаевтың «Шұғылалым» әнін шырқап, көптің көңілін толқитты. Әнші Мұрат Қоңыр да қатарынан қос туындысын орындап, кештің сәнін келтірді. Ақын кеш барысында бірнеше өлеңін оқып, жүрекжарды сөз сөйлеп, туған топырағына тағзым етті.

– Менің ұшқан ұям – Шет ауданы, Нилді ауылы ел аузындағы Өспен ауылы. Сәкен мектебінде оқып жүргенімде мені жыр әлеміне жетелеген ұстазым Рахат Омарова апайым. Атақты әнші Ігілік Омаровтың қарындасы, елге сыйлы ардагер ұстаз еді. 7-сыныпта аудандық Абай оқуларына қатысып, алғаш рет осы Ақсу-Аюлыда бәйгеге түскенім – өмірімнің жарқын сәті. Содан кейін қанша уақыт өтсе де, туған жерге табанымның қайта тигені – осы жолы. Осы топырақ туралы өлендерім былтыр «Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасы аясында жазылып, кейін «Алтын тұңғық» жинағына топтастырылды. Сол өлендер бүгін туған жерде өз оқырманын тапты, – деді Жәнібек Әлиман.

Кешке Өспен ауылдық округінің әкімі, әлем чемпионы Арман Әбілов бастаған делегация да келіп, ақынның туған ауылынан арнайы сәлем жеткізді. Ақынның ұстазы, өлкетанушы Файзулла Шәкімұлы мен ауыл азаматтары Шәман және Сиез сияқты ел ағалары да шараға қаты-



сып, ақжарма тілектерін білдірді. Ақынның жанынан табылып, ақпараттық қолдау көрсеткен Қасымхан Ғалым да ел ықыласына бөленді.

Сүйікті ақынмен сағына қауышқан көрермен жыр мен әнге сусындап, ерекше көңіл күймен тарқасты. Кеш соңында ақын өз кітабын елге тегін таратты. Бұл да – рухани жанашырлықтың, халықпен шынайы қауышудың бір белгісі. Шет жерінің төсінде өткен бұл кеш – руханият мерекесі ғана емес, ел мен елдің арасын жалғаған жыр керуені болды. Ақын мен оқырман арасындағы алтын көпір бекіп, туған жерге деген махаббаттың мәртебесі асқақтай түсті.

Шет ауданы

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ОЙЫН

Сарбаздар шықты сайысқа

Спасск әскери базасында Қорғаныс министрлігінің №36352 әскери бөлімінде республикалық «Алау» әскери-спорттық ойынының актық кезеңі өтті. Екі күнге созылған жарысқа еліміздің 20 өңірінен 180-нен астам жас сарбаз қатысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойын алты бағыт бойынша ұйымдастырылды. Қатысушылар патриоттық ән байқауында өнер көрсетіп, тарихи-өлкетану жобаларын қорғады. Сонымен қатар, саптық дайындық пен ән айту, АК-74 автоматын жинау және бөлшектеу, спорттық нормативтер бойынша бақ сынасты.

Қарағанды облысының намысын №91 мектептің «Жас қырандар» және Н.Әбдіров атындағы мектептің «Жас ұлан» командалары қорғады. Жергілікті жас сарбаздар бірнеше номинацияда жоғары нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, «Жас Ұлан» коман-



дасы саптық дайындық пен ән байқауында бірінші орынға ие болса, «Жас қырандар» АК-74 автоматын жинау және бөлшектеуде үздік нәтиже көрсетті.

– Біздің сарбаздар АК-74 қаруын бөлшектеп-жинау сайысында ең үздік нәтижеге қол жеткізді. Бұл жаттығу сабағы арқылы біз

үлкен сабақ алдық, келесі жылы жеңіс біздікі болады деп сенемін, – деді алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, облыстық әскери-патриоттық клубтар федерациясының төрағасы Амангелді Хасенов.

Жалпыкомандалық есепте жеңісті Түркістан облысының

«Жас қыран» командасы иеленді. Екінші орынды Жетісу облысының «Құлагер» командасы, ал үшінші орынды Батыс Қазақстан облысының «Ақжайық сарбаздары» қанжығасына байлады. Барлық жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Еске алу

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тумасы, халқына қалаулы, еліне елеулі болған, әулеттің қамқоршысы, ардақты жар, асқар тау әке, қадірлі аға, кеңпейілді ата, руы Қаракесек, Майлық, **Бейсебай Бошпанұлы СМАИЛОВТЫҢ** өмірден озғанына 1 жыл болады.



Бейсебай Бошпанұлы 1931 жылы қараша айының 27 күні Қарқаралы ауданына қарасты Қызыларай ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдары 13-14 жасында колхоз есепшісі болып еңбек еткен. 1950 жылы Қарқаралы Абай атындағы педагогикалық училищесін, кейіннен Қарағанды педагогикалық институтын «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітірген.

Педагогикалық жұмысын 1950 жылы Егіндібұлақ ауданы «Карл Маркс» жетіжылдық мектебінде бастап, кейін Қоянды жетіжылдық мектебінде 2 жыл ұстаздық еткен.

1953-1955 жылдары Кеңес армиясы қатарында офицер болып қызмет атқарды. 1955-1956 жылдары Қарқаралы аудандық Комсомол комитетінде Қарқаралы МТС зонасы бойынша комсомол инструкторы болып, кейіннен, өз ауылы «Жаңа жол» жетіжылдық мектебінде ұстаздық қызметін жалғастырады.

Осы мектептегі жұмысын қатардағы ұстаз болып бастап, 1966 жылдан 1993 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін мектеп директоры болып қызмет атқарады. Осы уақыт аралығында елімізде түрлі салада (ғалым, ұстаз, инженер, дәрігер, экономист, юрист, ауыл шаруашылығы мамандары) қызмет етіп, Отанымыздың дамуына өз үлестерін қосып жүрген шәкірттер тәрбиелеген.

Тіршілігінде талай мұқтаж жанға тірек болып, шапағат көрсеткен сауапты істерінің мәңгілік мекеніңізде Алланың шапағатына бөлесін, жаныңыз жәннатта болсын!

Еске алушылар: **Смаиловтар және Бошпановтар әулеті, ағайын-туыс.**

P.S. Бейсебай Бошпанұлы Смаиловтың 1 жылдық асы 2025 жылғы 20 қыркүйегі күні сағат 19:00-де Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғылы 10 құрылым, «Әнет баба» мешіті асханасында өткізілетінін хабарлаймыз.

№341

• АКЦИЯ

Жақсылық жасасаң, балаға жаса

Жыл сайынғы дәстүрге айналған республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында «Экспресс» сауда үйінің кәсіпкерлері №18 мектептің 10 оқушысына оқуға қажетті құрал-жабдықтарды сыйға берді.

Оқушылардың кедергісіз білім алуына бағытталған игі шара осымен 15-ші рет өткізіліп отыр. Акция аз қамтылған, қамқорлыққа алынған, асыраушысынан айырылған отбасылардан және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық уақытында материалдық көмек көрсету және баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алуды мақсат етті.

Акция аясында Пришахтинскіде орналасқан №18 жалпы білім беретін мектебінің директоры Досжан Ильяшев басшылығымен ұйымда-

стыру комитеті құрылып, жұмыс жоспары бекітілді. Нәтижесінде, «Экспресс» сауда үйінің кәсіпкерлері әлеуметтік жағдайы төмен 10 оқушыға спорттық киім, аяқ киім, кенсе тауарларын алып берді.

Демеушілерге мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс айтқымыз келеді. Осындай игі шаралар әлеуметтік осал отбасылар үшін көп көмегін тигізеді. Алдағы уақытта акция жұмысы одан әрі жалғасын таппақ.

Жанар ЖҮРТЕМБАЕВА,
№18 ЖББМ-нің әлеуметтік педагогі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 29 қыркүйегінен бастап **ҚарБЭТС-2-ден «Нұрқазған» кен орнына дейінгі ЖЖКВ-110кВ электр беру желілерінің жер учаскелерін орман қорының жерлері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру бойынша** жария талқылаулар форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумақтары: Қарағанды облысы, Теміртау қ. және Саран қ. Жер аудару Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі шаруашылық» КММ аумағында жоспарлануда.

Жерді қолдану мақсаты: «ҚарБЭТС-2 – Нұрқазған» ЖЖКВ-110кВ салу және пайдалану үшін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Әкілі: Тлеубаев Д., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жетекші инженері, тел. 8 (7212) 95 28 64, эл.мекенжайы: Darhan.Tleubaev@kazakhmys.kz

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап <https://ndbecology.gov.kz> сілтеме бойынша 20 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көшесі, 20 үй «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Darhan.Tleubaev@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7212) 95 28 64 телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате публичных обсуждений **по переводу земельных участков линей электропередач ВЛ-110 кВ от КарГРЭС-2 до месторождения «Нурказған» из категории земель лесного фонда в земли других категорий для целей, не связанных с ведением лесного хозяйства** с 29 сентября 2025 года.

Территории воздействия: Карагандинская область, г. Теміртау и г. Сарань.

Перевод земель планируется на территории КГУ «Карагандинское хозяйство по охране лесов и животного мира» Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области. Цель использования земли: для строительства и эксплуатации ВЛ-110кВ «КарГРЭС-2-Нурказған».

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Тлеубаев Д., ведущий инженер ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7212) 95 28 64, эл.адрес: Darhan.Tleubaev@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 20 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г. Караганды, ул.Лободы, 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу Darhan.Tleubaev@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7212) 95 28 64.

Д



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

«Сарыарқа» ӘКК АҚ Балқаш қаласында ауданы – 3,9728 га жер учаскесіне «Қарағанды облысының Балқаш қаласында кемінде 60 нөмірлі қоры бар» «4 және 5 Жұлдыздар санатындағы қонақ үйі жобалау және салу» инвестициялық жобасын бірлесіп іске асыру үшін серіктес таңдау бойынша конкурс жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: 2025 жылғы 09 қазан, жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 4, 113 каб.

Өтінім беру мерзімі: 2025 жылдың 18 қыркүйектен 02 қазанға дейін.

Инвестициялық жоба және конкурс шарттары бойынша ақпарат sprk-saryarka.kz сайтында орналастырылған.

Д

• ТҰСАУКЕСЕР

Алдаспан ақын, асау жыр

Алаш жырының ақберені, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұнқарұлының 75 жасқа толған мерейтойы әлі де толас тапқан жоқ. Кеше Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада ақынның таңдамалы шығармаларының үштомдық жинағының таныстырылымы өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шарада қазақтың дүлдүл әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жаксыкелді Кемалов пен «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің директоры Қайрат Әбілда ізгі лебізін білдіріп, үш томдық жинақтың тұсауын кесті.

— Аздап ән салғаннан кейін Алматыға сайыстарға жиі барып жүрдім. Сонда менің бір таң қалғаным — сексенінші жылдардың басында Серік Ақсұнқарұлының өлеңдерін Алматының студенттері жатқа оқушы еді. Ел көңілінің төрінен орын алғандығы шығар, содан бері қарай Секең бір сәтке де қаламын доғарған жоқ. Биылғы жыл мен үшін қазақтың екі ұлы адамы 75 жасқа толған жыл. Бірі — Серік Ақсұнқарұлы, бірі қазақтың ұлы әншісі — Қайрат Байбосынов. Оқырманға жол тартқан үш томдықтың ішінде көп дүние бар. Оқырманын ойландыратын ұлттық рух атойлап тұрған небір жырлар бар, — деді Жаксыкелді Кемалов.

Кеш барысында ақынның өнегелі өмірі мен шығармашылық жолына арналған бейнежазба көрсетілді. Одан бөлек, белгілі әнші, сазгер Әлімжан Мәкенов Қарқаралы қаласынан арнайы



келіп, Серік Ақсұнқарұлының «Шайтанкөл» әнін гитарамен орындады.

— Сіз Астанаға бармай Аркада жатып-ақ қазақ әдебиетіне олжа салған классик ақынсыз. Қарағандыда қуатты әдеби орта құрып, аймақтың қазақылануына сүбелі үлес қостыңыз. Бірқатар талантты шәкірт тәрбиелеп, жолын аштыңыз. Қаламыңыз қуатты, өміріңіз шуақты болғай, — деді Қайрат Әбілда.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжінің студенттері кеш несіне өздерін қызықтырған сауалдарды қойып, тұщымды жауап алды.

— Менің шығармашылық жолымда арқамнан қағып, батасын беріп қолдау көрсеткен Акселеу Сейдімбек, Дәуітәлі Стамбеков сынды қазақ сөз өнерінің алыптары болғанын айрықша атап айтқым келеді. Өйткені, ол кезде қазіргідей



Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МАРАФОН

Жеті жүз желаяқ бақ сынады

Балқаш қаласында үшінші мәрте ұйымдастырылған «Cuprum Run – 2025» жаппай жүгіру марафонына 700-ден астам спортшы қатысты. Спорттық шараны «Kazakhmys Smelting» ЖШС ұйымдастырды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатысушылар үш түрлі қашықтық бойынша бақ сынады: 1 шақырым – мүмкіндігі шектеулі жандар үшін, 5 шақырым – әуесқойлар, 10 шақырым – тәжірибелі жүргізушілерге арналған.

Жарысқа Астана, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған және Балқаш қалаларынан келген әуесқойлар мен кәсіби спортшылар қатысты. Тіркелген әр қатысушыға арнайы спорттық киім мен сөмке ұсынылды.

Салтанатты ашылу рәсімі Мемлекеттік Әнұранмен басталды. Жиналған

жұртшылықты «Kazakhmys Smelting» ЖШС бас директоры Жәнібек Байғабелов, Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Данияр Серіков, Олимпиада чемпионы Василий Жиров және Астана қалалық триатлон федерациясының президенті Төлепберген Сүйінтаев құттықтады.

— Биыл қатысушылар саны 700-ден асты. Келесі жылы мың адамға дейін қабылдауға дайынбыз. Біздің мақсат — тұрғындарға салауатты өмір салтын дәріптеу, — деді Ж.Байғабелов.

Спортшылар жарыс алдында дене қыздырып, көпшілікпен бірге жүгіруді бастады. Қатысушылар мәре сызығын сәтті бағындырып, марафонды мерекелі көңіл күймен аяқтады.

Жарыс жеңімпаздары жас ерекшеліктеріне қарай марапатталды. Мәре сызығын кескен барлық қатысушыға арнайы медальдар табысталды. Ал, жұлдегерлер Құрмет грамоталары мен ақшалай сыйлықтарға ие болды.

БАЛҚАШ

• ЭКСПЕДИЦИЯ

Абай ізімен жолға шықты

Қоғамдық сананы жаңғыртып, тарихи жадлыны дәріптеу бүгінгі күннің басты міндеті. Осы орайда облыстық ішкі саясат басқармасының бастамасымен «Елтану» тарихи-танымдық экспедициясы жолға шықты. Іс-шара ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақовтың 130 жылдығына арналды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Үш күнге созылатын сапар барысында экспедиция мүшелері Қарқаралы ауданының қасиетті топырағын басып, Семей өңіріне, Жидебай мен Бөрілі жеріне табан тірейді. Қатысушыларды сапарға шығарып салу сәтінде облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Әдепбеков қатысып, ақжол тіледі.

Экспедиция құрамында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, белгілі тарихшылар мен қоғам белсенділері, жастар да бар. Бұл іс-шара әуелі ел тарихына тағзым болса, екінші жағынан жас буынға тағылымдық сапар. Экспедиция мүшесі зейнеткер, қоғам белсендісі Сәкен Келдібаев бұл шараның жастар үшін рухани сапар болатынын баса айтты.

— Қарқаралы мен Семей өңірі — тұнып тұрған қазақтың тарихы. Жол бойы біз осы асыл мұраларды жастарға таныстырып, олардың бойында патриоттық сезімді нығайтуды көздейміз. Қарқаралы — кезінде Қазақстанның мәдени-саяси орталықтарының бірі болған қасиетті өңір. Мұнда тарихи, мәдени ескерткіштер аз емес. «Қоянды жәрменкесінің» өзі — ұлт тарихының бір алтын парағы. Міне, сапар барысында



осы тарихымызды жас буынға кеңінен жеткізуді мақсат еттік, — деді ол.

Әуелі экспедиция мүшелері Қарқаралыдағы Абай

түскен үйге, қазақ мәдениетін зерттеген ғалым Г.Потанин үйіне ат басын тіремек. Содан кейін ең көне Құнанбай қажы мешітіне барады. «Алаш» қозғалысы

• БӘРЕКЕЛДІ!

Ұжымдық еңбек жеңісі

Теміртау қалалық балалар мен жасөспірімдер театры киелі Ұлытау жерінде өткен Жанат Хаджиев атындағы IV Халықаралық театрлар фестивалінен жүлдемен оралып, кеншілер өлкесінің мерейін тасытты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлытау төрінде халықаралық деңгейде ұйымдастырылған театрлар фестивалі еліміздің мәдени өмірінде ерекше орын алатын маңызды шараға айналды. Биылғы фестивальға еліміздің түпкір-түпкірінен және Ресей мен Қырғызстаннан келген театр ұжымдары қатысып, өнер бәйгесінде бақ сынады.

Фестиваль — қазақ театр өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты, көрнекті режиссер Жанат Хаджиевтің рухына тағзым ретінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді.

Театр майталманының есімін иеленген бұл өнер мерекесі жас режиссерлер мен актерлерге шабыт сыйлап, ұлттық өнердің көкжиегін кеңейтуді мақсат етеді.

Биыл құрметті қонақтар қатарында Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, театр және кино өнерінің тарланы Тұңғышбай Жаманқұлов пен Жанат Хаджиевтің жұбайы, өнер жанашыры Рашида Хаджиева болды.

Осындай ауқымды, әрі мәртебелі байқауда Теміртау қалалық балалар мен жасөспірімдер театрының өнері жоғары бағаланып, ұжым «Үздік ансамбль» номинациясын жеңіп алды. Бұл — актерлердің сахнадағы шынайылығы, өзара үйлесімі мен режиссерлік шеберліктің айқын көрінісі.

Жас актерлердің рөл сомдау қабілеті мен сахнада біртұтас ансамбль ретінде жұмыс істеуі қазылар алқасының ерекше назарын аударды. Театр ұжымы бұл жеңісті өздеріне көрсетілген үлкен сенім ретінде қабылдап, алдағы уақытта да ізденіс пен биік мақсаттардан таймайтындарын жеткізді.

Театр өнері жан-жақтылықты, қырығылықты, көп ізденісті талап етеді. Өйткені, театрға келген әр көрермен жан-жүрегің мазалаған түрлі сұраққа жауап іздейді. Сахнадағы образдар үйлесімділігі мен өмірлік мәні терең қойылым жұртшылықтың көңіліне жол тапқаны анық.

Теміртау театрының бұл жетістігі — тұтас Арқа өңірінің рухани-мәдени өміріндегі айтулы оқиға. Балалар мен жасөспірімдер театры кәсіби деңгейге көтеріп жүрген шығармашылық топты шын жүректен құттықтай отырып, мол шығармашылық табыс тілейміз!

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;		- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген				«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 512 №102 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.	
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19		Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.		Бағасы келісім бойынша «Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев қ., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ	